

Индекс 75579

**Құрметті оқырман!**  
Бар дүниенің тамалынан шығатын,  
Жас толқынын сырын бірден ұғатын,  
«Жас өркен-Қостанай» журналына 2016 жылдың  
екінші жазылуды ұмытпаңыз.

Бір жылға жазылу бағасы – 2 449 теңге 80 тиын  
жартысына (қала бойынша), 2 471 теңге 52 тиын  
(облыс бойынша).



# Жас өркен Қостанай

zhasorken.kgu@mail.ru

2  
2016

№2(81)  
НАУРЫЗ-СӘУІР



Алақай,  
әз-Наурыз келді!



# Құлжанова Нәзипа Сегізбайқызы

(1887-1934 жж.)

Қостанай өңірінен шығып, есімі бүкіл қазақ еліне танылған аяулы қыздарымыздың бірі – Нәзипа Құлжанова. Әкесінің аты бірде Сағызбай делінсе, кейбір басылымдарда Сегізбай болып жазылып жүр. Қазақстан ұлттық энциклопедиясында Нәзипа Сегізбайқызы (Сағызбайқызы) делініп, қатар көрсетілген.

Н. Құлжанованың мамандығы – мұғалім. Оның есімі педагог, қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш журналист, этнограф, аудармашы ретінде қазақ тарихында мәңгілік қалды.

Құлжанова Нәзипа Сегізбайқызы 1887 жылы 27 шілдеде Қостанай облысының Жанкелдин ауданында дүниеге келген. Ол әуелде Торғайдағы орыс-қазақ мектебінде білім алып, 1902 жылы Қостанай қаласындағы қыздар гимназиясын тәмамдаған. 1903-1904 жылдары Торғайдағы училищеде мұғалімдік қызмет атқарған. Кейін Орынбор мұғалімдер семинариясын бітіріп, Мұхтар Әуезов білім алған Семей мұғалімдер семинариясында 1905-1920 жылдары ұстаздық етеді.

«Ардақты Нәзипа деген ханым,  
Газет, журнал жүзінде жұртқа мәлім.  
Оқыса сондай әйел шығар ед деп,  
Оқығандар бағалар сөздің демін.  
Неше күн қыдырсаң да таба алмассың,  
Семейдің одан өтер адал жанын.  
Ақ көңіл, мінезі оңды, жүзі жарқын,

Ынтасы жеткізбекке әйел халқын» деп қазақтың атақты ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыров жырға қосқан Нәзипа Құлжанова ХХ ғасыр басындағы қазақ мәдениетінің тарихында ерекше із қалдырған тұлғалардың бірі.

Жастайынан өжеттігімен, қайсарлығымен танылған Нәзипа Құлжанова Семейде өзінің белсенділігін, қабілет-қарымын байқатып, 1914 жылы (ұлы Абайдың қайтқанына 10 жыл болған уақыт) мәдениет қайраткері, өмірлік серігі Нұрғали Құлжанов екеуі Абай Құнанбаевты еске алу кешін ұйымдастырып, өткізеді. Қазақ, орыс тілдерінде баяндама жасайды. Баяндамасын «Абайды туғызған қазақ даласы тағы да талай Абай секілді, бәлкім одан да артық данышпандар туғызады» деп түйіндеп, тыңдаушыларын тәнті етеді.

Нәзипа Құлжанова Қырғыз (қазақ) АКСР Оқу-ағарту халық комиссариатының қазақ тілінде оқулықтар, кітаптар шығару мен баспасөз істері жөніндегі арнаулы комиссия құрамында болған. Оқу комиссариатының арнайы тапсырысымен «Мектептен бұрынғы тәрбие» атты оқу құралын жазған. Бұл еңбегі 1923 жылы жарық көрді. Аталған кітапқа ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Заман амалының жарысына, заман көшінің қатарынан қалмай өмір сүру үшін бүгінде адамға көп өнер-білім даярлау керек» деп, алғысөз жазған.

Нәзипа Сегізбайқызы мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, оларға айтылатын сөздің де, көрсетілетін іс-қимылдың да орынды, тағылымды болуын ес-керткен. Танымал педагог бала бойындағы білуге, ұғуға, көруге әуестікті тыйып тастамай, оларды бағыттап, дамытып отыру қажеттігін нақты мысалдармен түсіндіріп берген.

Н. Құлжанованың кейінгі ұрпақтарға қалдырған өшпес мұраларының бірі – «Ана мен бала тәрбиесі» кітабы. Бұл оқу құралы педагогтарға, тәрбиешілерге, ата-аналар мен балалар дәрігерлеріне анықтамалық ретінде ұсынылған. Ол 1927 жылы 5000 данамен Қызылорда қаласында басылып шыққан.

Н. Құлжанованың өмірі мен қызметі, мұрасы тереңірек зерттеуді қажет етеді. Оның журналистік, аудармашылық қырын ашу көлешектің еншісінде деп сенеміз. Қазақтың қайсар, қайраткер қызының ғибратты ғұмыры, тағылымды мұрасы жастарға аманат.

Қостанай облысы Арқалық қаласында Назипа Құлжанова атындағы гуманитарлық колледж бар.



## Суретте:

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық академиясының академигі,  
«Жас өркен – Қостанай» журналында бірнеше жыл Бас редактор болған ғалым Рымғали Нұрғали Ахмет Байтұрсынов ескерткішінің қасында.



## Акция

### Көркейе бер, Қостанай!

Архимед МҰХАМБЕТОВ,  
Қостанай облысының әкімі:

Биыл Қостанай облысының құрылғанына 80 жыл толады. Бұрынғы Қостанай мен Торғай облыстарының негізінде қайта құрылып, осында тату-тәтті өмір сүріп жатқан ондаған ұлттардың алтын бесігіне айналған, Қазақстанды астықпен қамтамасыз етіп отырған ірі өңірлердің бірі – Қостанай облысы бүгінде ел экономикасының дамуына елеулі үлес қосып отыр!

Қостанайдың ең үлкен байлығы – азаматтары! Осы топырақта кіндік қаны тамып, бүгінде әр салада көзге түсіп, белгілі тұлғаларға айналған азаматтар әрісі әлемнің, берісі Қазақстанның түкпір-түкпірінде жемісті еңбек етіп жүр.

Сол азаматтар өздері өсіп-өнген, өмірдегі алғашқы қадамдарын басқан туған жер алдында перзенттік парыздарын өтейтін кез келді деп есептеймін. Мен бүгін «Көркейе бер, Қостанай!» атты акцияның тұсауын кескелі отырмын. Осы акция аясында кіндік қаны осы топырақта тамған әрбір азамат өз ауылы немесе қаласын көркейтуге үлес қоса алады. Біз оларға шығып, ұсыныстар жасауымыз керек. Әрбір елді мекен өз түлектерінің шарапатын сезінуі тиіс!

РЕДАКЦИЯНЫҢ  
МЕКЕНЖАЙЫ:  
11000, Қостанай қаласы,  
А.Байтұрсынов көшесі,  
47-үй, 217 бөлме.  
Медиа – студия.  
Байланыс телефоны:  
қалааралық  
8-7142-51-11-67,

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, кері қайтармайды.  
Журналдың қажетті сандарын редакциядан сатып алуға болады.  
Бағасы келісімді.  
«Жас өркен-Қостанай» журналына демеушілік көрсетем деушілерге мына есеп-шотымызды ұсынамыз:  
РМҚК «А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті»

ИИК KZ83856000000079688  
РНН 391700052352,  
БИН 990240005319  
БИК КСJBKZKX  
РНН банка 391700078345  
БИН банка:980841000472  
Кбе 16

Журнал редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп «Қостанайполиграфия» ЖШС баспаханасында басылды.  
110007, Қостанай қаласы,  
С.Мәуленов көшесі, 16.  
Басуға 8.02.16 ж.  
қол қойылды.  
Көлемі 32 бет,  
Офсеттік басылым.  
Тапсырыс №1379  
Таралымы 850 дана.  
Баспахана түпнұсқасы нашар суреттердің сапасына жауап бермейді.

Журнал Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясының Орынбор, Қорған, Челябин, Омбы облыстарына тарайды



## Біздің меже қандай?



Еліміздегі жоғарғы оқу орындары студенттерінің арасындағы VI республикалық қысқы универсиада Алматы қаласында өткен болатын. Спорт сайысына 34 жоғарғы оқу орнының спортшылары қатысты. Жеңіске жеткен спортшылар 2017 жылы Алматыда өтетін 28-ші Бүкіләлемдік қысқы студенттік Универсиада ойындары барысында ұлттық құрама команда сапында өнер көрсететін болды. Аталмыш спорт додасына біздің университетіміздің командасы да қатысып, жалпы командалық есепте алтыншы орынға тұрақтады. Соның ішінде шаңғы тебу спортынан біздің команданың ерлер құрамасы 1-орын, қыздар құрамасы 3-орын, көпсайыстан 3-орын, биатлоннан 8-орынға ие болды. ҚМУ құрамасы командасының мүшесі, халықаралық сайыстардың жүлдегері Айбек Байділдин универсиададан алған әсерімен бөлісті.

**- Қысқы универсиада ойындарынан алған әсеріңіз қандай?**

- Универсиада өте жоғарғы деңгейде өтті. Барлық командалар мықты дайындалып келген. Қарсыластарымның дайындықтарына таң қалдым. Қиындықтар, кедергілер болды, бірақ шеберлігімнің арқасында жеңіске жеттім. Өзіме қатты ұнады. Жақсы нәтиже көрсетемін деген мақсатпен бардым және орындадым.

**- Қайсы оқу орнының дайындығы жоғары**

болды? Біздің команданың биылғы жылғы көрсеткішіне көңіліңіз толады ма?

- Негізі маған Петропавл университетінің деңгейі ұнады. Олар мықты дайындықпен келген. Біздің команданың құрамында былтыр магистранттар арасынан мықты 2-3 студент қатысып, жеңіске зор үлесін қосқан болатын. Олар биыл оқу бітіргендіктен қатыспады. Команда биылғы жылы аздап әлсіздік танытты.

**- Біздің спортшыларға жеңіске жетуге не жетіспеді?**

- Шеберлік жетпеді.

- Сіз көптеген жарыстарда жүлделі орындар алып жүрсіз. Әлемдік чемпионатта чемпион атандыңыз, соның мәнісі неде?

- Менің әрбір жеңісім күнделікті жаттығуларымның жеңісі дер едім. Спортшыға жеңіске жету үшін дайындықтан басқа да нәрсе керек. Ол – сенім. Жүректе өзіңе деген, жеңіске деген сенім болу керек. Әрбір спортшы патриот болуы керек. Өзінің командасына, оқып жатқан оқу орнына, туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік лаулап тұрғаны жөн. Мінекей, сонда не үшін алға ұмтылатыныңды түсінесің.

Спорт дегеніміз талмай жүгіру немесе оңды-солды соққылау емес. Спорт деген – өнер, білім. Сондықтан спортшыға рухани байлық керек. Соның ішінде кітап оқудың пайдасы зор.

**- Жеңіске жетудің формуласы?**

- Жаңағы айтқанымдай сенімділік, рухани толығы, күнделікті жаттығу. Осының бәрі жеңіске жетудің формуласы.

**Сұхбаттасқан Жанерке ҚОЖАНТАЕВА,  
ГӘФ журналистика мамандығының  
2-курс студенті.**

**Суретте:  
универсиаданың қызықты сәті.**



# Жас өркен Қостанай

Журнал 2003 жылғы 28 қаңтардан шыға бастады

№ 2(81) наурыз-сәуір, 2016 жыл

1-наурыз – Алғыс айту күні

## Достықтың дәріптелген мерекесі

Көктем айының алғашқы күнінде республика халқы Алғыс айту күнін атап өтті. Атаулы күнге орай Қостанай облысының әкімі Архимед Мұхамбетовтың қатысуымен мерекелік іс-шара ұйымдастырылды.



Достық үйіне жиналған өртүрлі этнос өкілдері ұлттық киімдерін киіп келіпті. Фимараттың екінші қабатында фотокөрме орналасқан. Онда Қазақстан халқы Ассамблеясының бетке ұстар тұлғалары туралы ақпаратқа қанық боласыз. Тарихтан сыр шертетін көне кітаптар, ұлттық музыкалық аспаптар да көрмеге қойылған.

Салтанатты шараның ресми ашылуы еліміздің Әнұранымен басталды. Облыстағы этномәдени бірлестіктердің жетекшілері сөз алып, Алғыс айту күнінің маңызына тоқталды. Күнітөзбедегі жаңа мерекенің 1 наурызға белгіленуі бекер емес. Дәл осы күні Қазақстан халқының Ассамблеясы құрылған болатын. Ассамблея – мемлекетімізді мекендеген барша халықты біріктіретін бір ден бір ұйым.

- Биыл елімізде үлкен мереке, ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы. Осы уақыт ішінде Қазақстан экономикасы қарыштап дамыған, халықаралық қауымдастықта абыройы мен беделі артқан қуатты мемлекетке айналды. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың дана, сарабал саясатының арқасында мемлекетіміз бейбітшіліктің мекеніне айналды. Бір шаңырақтың астында басқосқан 130 этнос өкілдері татулық пен достықтың тірегіне айналды. Осы баянды тірліктің нығаюына Қазақстан халқы Ассамблеясының қосар үлесі зор,- деді Қостанай облысының әкімі Архимед Мұхамбетов.

Алғыс айту күні биылғы жылы бірінші рет аталып өтілді. Жаңа мерекенің мәнісі - Қазақстанды мекендеген өзге этнос өкілдерін одан сайын жақындастырып, қоғамдық келісім мен этносаралық татулықты нығайта түсу.



## Арман адастырмайды



**2015 жылдың 2-қыркүйегі. «Байқоңыр» ғарыш айлағы. «Союз ТМА-18М» кемесі ұшқалы тұр. Барша қазақ халқы ел болып ұлын ғарыш әлеміне шығарып салуға дайын. Осылайша үшінші қазақ, Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы ғарышкері Айдын Айымбетов – аспан әлемін бағындыруға аттанды. Бұл оқиға талай жастың жүрегіне ғарышкер болсам деген әлсіз үміттің отын күшейте түскендей. Үшінші қазақ баласының ғарышқа сапары халқымыз үшін мәртебе еді. Елдің мақтанышына айналған Айдын Айымбетов жуырда Қостанай мемлекеттік университетіне келіп, жастармен кездесті. Ғарышкерден сұхбат алу мүмкіндігі өзімнің замандастарымның арасынан маған бұйырды.**

**- Айдын аға, астықты өлкеге қош келдіңіз! Оқырмандарымызға аспан әлеміне деген қызығушылығыңыз қай кезден бастау алғаны жайлы баяндап берсеңіз.**

- Ғарышқа, аспан әлеміне деген қызығушылық бала кезімде оянды. Кішкентай кезімде жаз шыққан сайын пішен басында болатынбыз.

Күні бойы жұмыс істеп, кешке шөмеленің үстіне шығып, аспанға, жұлдыздарға қарап демалуды жақсы көретінмін. Сол кезде әкем Ақан күн жүйесі, ғарыш әлемі жайлы көп әңгіме айтатын. Қателеспесем, ол кезде жасым 5-6 шама-сында болатын. Әкемнің айтқан әңгімелеріне қызыққаным соншалық, қайтсем де өскенде ғарышкер боламын деп шештім. Мұны естіген достарым да, үлкендер де «бала арманы ғой» деп күлетін.

**- Балалық арманыңыз бен өмірлік мақсатыңыз ұштасыпты. Мақсатқа жету қаншалықты қиын?**

- Талдықорған қаласындағы № 20 орта мектепті алтын медальмен бітірген соң, Құтахов атындағы Армавир жоғары әскери авиация училищесіне оқуға түстім. 1993 жылы «Командалық, тактикалық жою авиациясы» мамандығы бойынша бітіріп, ұшқыш-инженер маманы атандым. 1993 жылы өзімді ғарышкерлер қатарына енгізу жөнінде өтініш білдірдім. Оған дейін Талдықорғандағы әуе базасында командир болып қызмет еттім. 470 сағат әуеде ұшып, парашютпен 360 рет секірдім. Өзіме нық сенімді едім. Бұйыртып, 2002 жылдың 9-қарашасында Қазақстан Республикасы ғарышкерлерінің қатарына қосылып, 2003 жылы медициналық тексеруден өтіп, жаттығу жұмыстарына кірістім. Ал, 2009 жылдың 15-желтоқсанында Мемлекеттік ант қабылдап, «Қазғарыш» басшысының кеңесшісі ретінде қабылдандым. Содан кейінгі жылдары осы агенттікте бөлім басшысы, департамент басшысы сияқты бірқатар лауазымды қызметтерді атқардым. 2014 жылы ҚР Әскери-әуе күштерінің полковнигі атағын алдым. Осылай, бала кезгі арманым жүзеге асты.

**- Ғарыш әлемінде ас ішу, ұйықтау, жұмыс істеу секілді үйреншікті істер қалай жүзеге асты? Бос уақытыңыз болды ма?**

- Ғарыштағы алғашқы күндері ұйықтау мүмкін емес еді. Тартылыс күші болмағандықтан күні-түні ауада қалықтап тұрасың. Әдетте біздер жастық жастанып, басымызды ыңғайымызша қисайтып, ұйқыға бас қоямыз ғой. Ал ғарышта қалаған жағыңа қисайып, бір бүйірмен ұйықтай алмайсың. Сондықтан ғарышта болған сәтімде жерде жатып мызғығанды қатты аңсадым. Станциядағы тоғыз адам ас ішуге жиыламыз кейде. Ал борттың еніне бес адам ғана сияды. Ал қалған төртеуі жоғарыда қалықтап тұрып тамағын жейтін. Басында үйренісе ал-

қалыптастырды. Оның бойында адамды тарта-тын ерекше бір қасиеті болған. Питербургке есеп беруге барады ғой. Сол кезде бүкіл Питербургтің қыздары оған ғашық болған. Түріне емес, ақылына, сөз саптауына, біліміне, эрудициясына сүйсінген.

Шоқан парсы, араб, қытай, ұйғыр тілдерін білген. Орыс тілінде таза сөйлеген. Сондықтан, ол – ұлы ғалым. Мейлі кімге қызмет істесе де халқына жамандық ойламаған. Оны ұлы ғалым ретінде насихаттауымыз керек. Менің көзқарасым осындай.

**- Зерттеулер жүргізген кезде қиындықтар немесе кедергілер кездесті ме? Сіздің пікіріңізге қарсы шығықандар болды ма?**

- Орыстың тарихын алдымен немістер жазған. Орыстың надандығын, лас екенін айтқан. Сол кезде Ломоносов ашуланып «историю России должны писать природные россияне», яғни, орыстың тарихын орыстың өзі жазу керек, орыстың көзімен қарау керек деген. Мен қазақтың тарихына қазақтың көзімен қараймын деп көп таяқ жедім. Қазақтың тілін, оның әдебиетін білмей, тарихын жазуға болмайды. Мен қанша жерден тарихшы болып тұрсам да, француздың тарихын жаза алмаймын, оның ішкі дүниесін білмеймін. Ал кез келген қазақтың түріне қарап отырып ішкі дүниесін сезіп отырамын. Өйткені, өзім қазақпын. Кезінде Шоқан жөнінде де артық әңгімелер көп болды. Руға, жүзге бөлгендер де болды, оның туған жеріне таласқандар да болды, Шоқанды жалпы қазақ емес дегендер де болды. Ол әңгімелер қазір де айтыла береді, келешекте де айтылуы мүмкін. Тіпті оны әлі тірі, Қытай асып кетті дегендер де болды. Ол көп зерттелгенмен, әлі де біз үшін жұмбақ тұлға. Әлі архив ашылады, мәліметтер болады. Сол кезде Шоқанға басқа көзқараспен қарауымыз мүмкін. Өйткені тарихшы бір мәселе жөнінде тек қана деректер арқылы сөйлейді.

Шоқанды алғаш зерттеген ғалым Әлкей Марғұланның да айта алмаған дүниелері көп болды. Ол кезде шындықты ашық айтатын заман болған жоқ. Саясатқа жақын, саясатқа сиятын, соған қарсы келмейтін нәрселерді айттық та, оған қарсы келетін дүниелер айтылмады. Шоқан төренің тұқымы. Сондықтан оның архиві де жабық болды. Омскіде зерттеу жүргізгенде архивте Надя деген орыстың қызы отырды. Сол қыздың көмегімен Шоқанның күнделігін көрдім. Бірінші курстың бірінші тоқсанында бірде бір үш жоқ, өңкей екі. Екінші тоқсанында ептеп үштер қосылады. Бітіргенде ылғи беске аяқтайды. Осыны архивте ешкімге көрсетпеген.

**- Шоқан Уәлихановты қазақтың тұңғыш ағартушы ғалымы деп айтады. Сол туралы пікіріңізді айтып өтсеңіз, сіз қалай ойлайсыз?**

- «Білік білсең төрден орын аларсың, білік білсең мықты, берік адамсың» деп айтқан XI

ғасырда Жүсіп Баласұғұни. Білімнің қажеттілігін Ахмет Иүгніки айтқан, Махмұт Қашқари айтқан, Әл-Фараби айтқан. Сондықтан Шоқанды, Абайды, Ыбырайды алғашқы ағартушы деп айту дұрыс емес. Кеңес заманында олай деп айттық, өйткені олар алдымен орысша оқыңдар деген. Егер олар, зиялы қауым айтпағанда, біз орысша білмегенде, оқымағанда кім болар едік? Шоқан – ағартушы, бірақ алғашқы емес. Оған дейін де ағартушылар болған. Еуропа XVIII ғасырларда білімнің керек екенін айтады. Жүсіп Баласұғұни XI ғасырда «Құтты білігінде» білімнің қажеттілігін атап көрсетеді.

**- Шоқан Уәлихановтың еңбектерін, зерттеулерін насихаттауда Қостанайда қандай жұмыстар жасалып жатыр?**

- Қостанайдың шетінде бір жаман көше бар. Сол жерге қаншама рет ескерткіш қояйық деп ұмтылыс жасадық, әкімшілікке қаншама рет хабарластық. Тіпті өз қаражатымызға орнатайық дегендер де болды. Бірақ әкімшілікте әлі түсінетін адам жоқ.

**- Алдағы күнге қандай жоспарларыңыз бар?**

- Оқулығым басылып шықты, алпысқа жақын кітап жаздым. Қазіргі жазып жүрген үш тақырыбым бар. Біреуі «Тарихтың теориясы», екіншісі «Тарихнама», үшіншісі «Деректану» деген ғылым бар. Тарихшы болып шығу үшін осы үш дүниені білу керек. Өкінішке қарай, бізде «деректануды» оқытып, қалған екеуін оқытпайды. Тарих деген қауіпті ғылым. Тарихын білген адам намысын ешкімге бермейді. Кеңес үкіметінде намысты қазақ керек болған жоқ. Айтқанға көнетін, айдағанға жүретін, ептеп надандау, сондай қазақ керек болды. Өздері солай тәрбиеледі. Содан бері келе жатқан оқу жоспарына 2004 жылы «теорияны» кіргіздім. Қазір республиканың 4-5 жоғарғы оқу орындарында оқытады. Биыл «Әлем тарихнамасы» кітабын бітірдім, шығуға тиісті. Содан кейінгісі «Деректану». Қазір осы үшеуімен айналысып жүрмін.

Қазақстан тарихымен айналысып жүрген жоқпын. Себебі, қазақ тарихы келешекте мүлдем басқаша жазылады. Өйткені, шетелдерден біз білмеген, оқымаған деректер келіп жатыр. Сол келген деректерді талдаудан өткізу керек. Дүкеннен алған көртопты шикі күйінде жемейсің ғой. Оны алдымен пісіресің. Сол сияқты жиналған дерек-дәйекті талдаудан өткізу керек. Бірақ оған мамандар жоқ. Мәселен, парсы тіліндегі деректі аудару керек. Біз ондай маман дайындаған жоқпыз. Қытай тілінде қаншама деректер әкелінді. Солар аударылса тарих келешекте басқаша жазылатыны анық.

**Сұхбаттасқан Тұмарым БАБАСАНОВА,  
ГӘФ журналистика мамандығының  
1-курс студенті.**

**Суретте: тарихшы  
Аманжол Күзембайұлы.**



# Шоқан Уәлихановтың туған жері қайда?

**Биыл Шыңғыс тұқымынан шыққан қазақ ағартушысы Шоқан Уәлихановтың туғанына 180 жыл, ал дүниеден өткеніне 150 жыл толып отыр. Ол өзінің қысқа ағартушылығында көптеген зерттеулер, еңбектер жазды. Оның өмірі әлі де зерттелуде. Шоқанды зерттеуде көп еңбек сіңірген тарих ғылымының профессоры, ғалым Аманжол Күзембаевтан сұхбат алған болатынбыз.**

**- Сіз Шоқан Уәлиханов туралы зерттеулер жүргіздіңіз. Тың деректер табылды ма?**

- Шоқан өмірдегі, шығармашылығы туралы талас тудыратын мәселелер бар. Соның ең біріншісі ғалымның қай жерде туғандығына қатысты дерек. Бұл туралы екі түрлі пікір бар. Біреулер Көкшетаудағы Сырымбетте туды десе, екінші біреулері Қостанайда туды деп айтып жүр. Шоқан Қостанайда туды деген пікірдің өзі екіге жарылады. Біріншісі, Ақылбек Шаяхмет ағайларының пікірі Күлтиместе туды дегенге келеді. Екіншісі Құсмұрында туды. Осының қайсысы дұрыс деп сұрасаң, мен айтайын. Мен Омскінің архивінде болдым. Архивте Шоқанның топография сабағынан жүргізген дәптері бар екен. Сол дәптерге карта сызып, араб әрпімен «біздің үй» деп жазып қойыпты. Ол карта бойынша Күлтимеске келеді. Шоқан 1835 туды, 1834 жылы оның әкесі, жап-жас жігіт Құсмұрын округына аға сұлтан болды. Ол туған кезде Құсмұрын бекінісі болған жоқ. Сондықтан Шоқанның Құсмұрында тууы мүмкін емес. Көкшетауда туды деген пікірге келетін болсам, Шыңғыстың келіншегі қыстыгүні жаңа туған нәрестемен Сырымбетке баруы немесе сонда босануы мүмкін емес. Ол кезде Сырымбет өлі салынып біткен де жоқ еді. Жаңа үйленген жігіт жүкті әйелін үйіне апарып тастамайды. О заманда да солай, бұл заманда да солай. Тағы бір айтарым, Потаниннің айтқан сөзі бар: «Шоқан никогда не вспоминал о Сырымбете» - дейді. Яғни ол Сырымбетті ешқашан есіне алған емес. Шоқан Сырымбетке есейгенде баруы мүмкін, оған дейін барған емес. Құсмұрынның орталығы Қараоба деген жерде болды. Құсмұрын бекінісі салынып бітеді де, 4-5 жылдан соң ғана ол жерге көшеді. Сондықтан Құсмұрында тууы мүмкін емес, Көкшетауда тууы тағы да мүмкін емес. Сондықтан оның туған жері – Күлтимес.



Қазіргі көтеріліп жатқан тағы бір мәселе бар. Ол кім? Шоқанның бізді отарлаушы патша үкіметінің офицері екенін жасырмауымыз керек. Сол отарлаушы елдің офицері, барлаушы ретінде Қытайға барып, бұрын Ресей білмеген Қытайды Ресейге ашып береді. Бірақ барлаушы болдың деп оны кінәлауға болмайды. Оның заманы сондай болды. Ол сол заманның ұлы. Сол кездегі билікке қызмет істеді. Бірақ билікке немесе халыққа қызмет істеп жатырмын деп ойлаған жоқ. Өзінің күнделікті, функционалды жұмысын атқарды. Бұл – екінші мәселе. Үшінші мәселе, әрине, ол – қатарынан артық туған талантты жан. Отызға толмай жатып қайтыс болып, қаншама еңбегін қалдырып кетті. Қазақтың ішінен шығып өз тарихын жазған алғашқы тарихшы. Біз оның жаман жақтарын іздемей, артықшылығын айтуымыз керек. Ғылымға не кіргізсе, бізге сонысы қымбат. Төртіншіден, Еуропада қазақ оқу-білімнен хабары жоқ, көшпелі, жабайы халық деген көзқарас қалыптасқан болатын. Оның бәрі бірдей емес, оқымыстылар қазақтың кім екенін білді. Ал жалпы Еуропа халқы қазақ халқынан онша хабардар болмады. Сол кезде Шоқан жарқырап шығып қазақтардың ішінде де ақылдылар бар деген пікір

мадық. Кейіннен орындарымызбен ауысып, ауқаттанып жүрдік.

**- Осы сапарда қандай ғылыми жаңалықтар ашылды? Қанша қаржы жұмсалды? Адамзат баласының аспан әлеміндегі зерттеулері қаншалықты маңызды?**

- Сапардың құны 20 миллион доллар. Осынша қаржы кеткен жұмыс жемісін беретініне сенімдімін. Ғарыш кеңістігінде қазақстандық ғалымдардың тапсырысы бойынша физика-техникалық, медико-биологиялық 20-ға жуық ғылыми тәжірибе жүргіздім. Бұлардың бәрі отандық ғылымды дамыту үшін аса қажет жобалар. Соның ішінде мұздықтар мен «Кулон кристалдарын» етене зерттедім. Менің сапарымның негізгі міндеті психофизиологиялық тәжірибе: контент және өзара байланыс деп аталды. Бұл дегеніңіз ғарышкерлердің ұзақ сапардағы жұмыстарының жан-жақты байланысын зерттеу. Арал мен Каспийді суретке түсіріп, мониторингін жасау кезінде Қазақстанды алғаш бақыладым. Иллюминаторда тұрып, объективке керек аудандарды сыйғызу керек еді, ал Халықаралық ғарыш стансасы секундына 7,8 километрмен ұшты. Арал теңізі бірден бақылады, мұнайлы өлкені табу сәл еңбектенуді қажет етті. Арал теңізінен шаң-тозаң толқыны шығып жатыр. Соның әсерінен жақын аудандар залалдарға тап болуы мүмкін. Сондықтан да мониторинг жасау аса керек болды. XFC Жер шарын 92 минутта айналады. Керек ауданды түсіре алмай қалсам, тағы да сондай уақыт күтуге тура келеді. Он күнге созылатын сапар барысында басқа да физикалық-ғарыштық тәжірибелер мен экологияға қатысты мониторинг жүргізіп, шаңды дауылды зерттедім. Таяуда бір ғалым ғарышта жүргізілген тәжірибенің арқасында ғылымда маңызды төрт ғылыми-зерттеу жұмысы қолға алынғанын айтып, қуантты. Сонымен қатар ультракүлгін сәулелерді сақтап алатын арнайы камерамен ғарыш кеңістігіндегі гамма сәулелерін түсіріп алдым. Бұл зерттеудің медико-биологиялық маңызы зор. Біздің ғалымдарымыз алдағы уақытта осы материалдарды пайдаланып, радиация сәулесін кең көлемде зерттейді. Ал тәжірибе жүргізу барысында ешқандай төтенше оқиға болған жоқ.

**- Аға, сіз аспан әлемінде «Қазақтың дастарханын» жайған бірінші адамсыз. Бұл да зерттеудің бір бөлігі болды ма?**

- Бойға қуат беретін ұлттық тағамдардың адам ағзасына ғарышта қалай әсер ететінін тәжірибе жүзінде тексеріп көруім тиіс болатын. Жоспар бой-

ынша бұл тәжірибе тек ресейлік экипаж мүшелерінің қатысуымен жасалуы керек болған. Алып барған тағамдарымды командирдің кеңесімен XFC барлық мүшелерімен бөлістім. Мәселен, таңғы асқа көже мен ірімшік, түсте жаңғақтармен шай іштік. Құрамдағы американдықтар Скотт Келли, Челл Линдгрэн және жапон азаматы Кимия Юи қазақ тағамдарын аса жоғары бағалады. Ұлттық тағамдарды Қазақ тағамтану академиясы жасады. Экипаж мүшелеріне қазақ тағамдары жайында айтып бердім. Мәселен, құрт. Ол біздің ата-бабаларымыздың аса сүйіп жейтін сүттен жасалған тағамы. Кейбіріне құртты тұз қосылған сүзбе деп те түсіндірдім. Ал ауылдағы әжелеріміз жасайтын көнігі ірімшікке экипаж мүшелерінің барлығы қызықты. «Бірінші ас – қазақша дайындалған еттің құрғатылған түрі. Салмақсыздық жағдайында тамақ жеу үйреншікті іс емес. Ет дәмді, бірақ құрғақтау. Сорпа жетіспейді» деп жаздым желіде. Бие сүтін алып барғанымның да өзіндік себебі бар. Бұл сүтте жасанды синтезделген май болмайды, ал ол рак клеткалары ауруларына таптырмас ем.

**- Айдын аға, шыны керек, миллиондаған жас үшін сіз үлгі тұтар тұлғасыз. Ғарышқа аттанар кезде және одан оралып келген соң бойыңызды қандай сезім баурады. Аспан әлемінен оралған соң өміріңізде қандай да бір өзгерістер болды ма?**

- Өмірім тіпті қарапайым тұрмыстан бастап өзгерді. Мысалы, көшеде адамдар мені танып, амандасып жатады. Ғарышкер боламын деп жүрген жастар үшін менің сапарым бұл арманды орындауға болатындығын көрсетті. Сонымен қатар, «Халық қаһарманы» атағы! Бұл мен үшін үлкен абырой, үлкен жауапкершілік! Бірақ, қарапайымдылыққа қашан да сақтағанды жөн көремін.

**- Айдын аға, сіз осы сапарыңыз арқылы жастарды қанаттандырып, арманы бар адамды жолдан тайдыру мүмкін емес екенің тағы бір мәрте дәлелдедіңіз! Сұхбатыңызға рахмет!**

P.S Кездесу барысында ғарышкер ағамызға А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ профессоры атағы берілді. Алдағы уақытта қара шаңырағымыздың қабырғасында бұл кісімен өтетін кездесулер әлі көп болатынына сенеміз!

**Сұхбаттасқан Жұпар ҚОЖАХМЕТОВА,  
ГӘФ журналистика мамандығының  
3-курс студенті;  
Суретте: Халық қаһарманы  
Айдын Айымбетов.**



**Дархан Әбдурахит, «Хабар» агенттігінің тілшісі:  
«Мен теледидарды, теледидар мені жатырқаған жоқ»**



А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде білім алған студенттер бүгінде әр салада қызмет етіп жүр. Біздің түлектердің алды республикаға танымал азаматтар. Олардың арасынан мықты кәсіпкер, қарымды қаламгер, шебер журналист, білікті экономист те шықты. Таңдаған мамандығының майталмандары біздің

мақтанышымызға айналып отыр. Солардың бірі белгілі журналист Дархан ӘБДУАХИТ.

**- Дархан аға, сұхбатымызды туған жер, өскен ортаны таныстырудан бастасақ.**

- Мен Наурызым ауданының тумасымын. Қостанай қаласынан 250 шақырым жерде Қожа деп аталатын ауыл бар. Сол ауылда өстім. Мектеп табалдырығын аттадым. Атам Әбдурахит пен әжем Күбірәнің тәрбиесін көрдім.

**- Журналист болу бала күнгі арманыңыз ба еді?**

- Журналист болуды жастайымнан армандадым деп айта алмаймын. Мектеп қабырғасында жүргенде адвокат боламын, адамдардың құқығын қорғаймын деп қиялға еретінмін. 11-сыныпты аяқтауға шақ қалғанда, болашақта кім боламын деген сауалмен бетпе-бет келгенде «мамандық» жайында шындап ойлана бастадым. Сол уақытта «Қостанай таңы» облыстық газетінде тырнақалды өлеңдерім жарық көріп жүрді әрі жазуға икемім бар екенін ұқтым. Көп ойланбай Қостанай мемлекеттік университетіне құжат тапсырдым.

Ахмет Байтұрсынов атындағы ҚМУ-дың түлегі екенімді, журналистика факультетінде оқып жүріп ұлағатты ұстаздардың алдын көргенімді, студенттік театрда Ахмет Байтұрсыновтың ролін сомдағанымды әлі күнге мақтан тұтамын.

**- Оқуды бітірген соң жұмыс табу қиын болды ма? Теледидар саласына қалай тап болдыңыз?**

- Мен үшін өз мамандығым бойынша жұмыс табу қиын болмады. Журналистика факультетіне түскен күннен бастап оқу мен жұмысты қатар алып жүрдім. Әрине, ұлғатты ұстаздарым алған бағытыма түсіністікпен қарады, соның арқасында теорияға қарағанда практикаға көбірек мән бердім. Бес жыл оқыдым – бес жыл жұмыс істедім. «Жас қазақ», «Алға» журналдарында, «Қостанай таңы» газетінде тілші болдым, «Барыс» радиосында музыкалық редактор қызметін атқардым. Осы-

лайша ысылдым. Студенттік кезде, неге екенін білмеймін, теледидардан қорқақтайтынмын. Менің қолым гезет пен журнал деп ойлайтынмын. Оқу бітіргеннен кейін де тек баспасөзде жүремін деп шешкенмін. Бірақ, адамның ойлағаны бола бермейді, университетті тәмамдап, қолыма диплом алғаннан кейін жөппелдемеде «Хабар» агенттігінің тілшілер қосынына жұмысқа тұрудың сәті түсті. Сынақтан сүрінбедім. Көп ұзамай меншікті тілші атандым. Мен теледидарды, теледидар мені жатырқаған жоқ. Міне, осылайша биыл «Хабарда» жүргеніме 11 жылдың жүзі болады.

**- Жұмыс бабында қателескен кездеріңіз болды ма?**

- Мен жаңалықтың «жауынгерімін». Теледидардағы жаңалықтар қызметі жайбасарлықты жақтырмайды. Сондықтан біз көбіне көп «аптығып» жүреміз. «Жұмыс бабындағы қателік дегенге» келгенде белгілі бір ақпаратты дер кезінде көрерменге жеткізе алмау немесе қате ақпарат айту деп түсініп отырмын. Бұл тұрғыдан қарасақ, «сүрінген» тұсым жоқ екен.

**- Сіздің ойыңызша журналиске қажетті ең басты қасиет?**

- Журналиске тән ең басты қасиет ол – өз ойын қағаз бетіне түсіре алу. Мені ұстаздарым осылай оқытқан болатын. Шынында да солай. Әрине, білім керек, дегенмен білімің бола тұра сол білімді қағазға түсіре алмасаң, айтып бере алмасаң – бәрі бекер.

**- Сіздің идеалыңыз кім?**

- Менің идеалым Қазақстанның халық ақыны Әсия Беркенова. Ол кісі менің өлеңдегі ғана емес, өмірдегі ұстазым.

**- Өзіңіз өлең жазып жүрсіз бе?**

- Жазбай кеттім. Дұрысы, жаза алмай жүрмін. «Жеріне жеткізіп» жазбағасын, құр ұйқастың соңына түсудің қажеті жоқ деп санаймын. Әсия апам мұны «пауза» деп атайды, мен де солай ойлаймын. Бірақ, байырғы жүрістен жаңылып, әбден «қарайып» қалғаннан кейінгі өлеңнің өресі қандай боларын білмеймін. Түбі жазамын.

**- Егер, Қостанайда жұмыс істеуге ұсыныс түсіп жатса, келер ме едіңіз?**

- Кім білген. «Адамның басы – Алланың добы». Астанаға көшіп келген кезде Қостанайды қимай жүрдім. Енді Елордаға бауыр бастық. Қос қала да мен үшін ыстық. Тобыл талабымды ұштады, Есіл есейтті.

**- Соңыңыздан ерген іні-қарындастарыңызға қандай кеңес бересіз?**

- «Басқадан кем болтмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек, бай болуға көтсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек». Ахмет атамның сөзі.

*Сұхбаттасқан Ботакөз ІЛИЯСОВА,  
ГӘФ журналистика мамандығының  
3-курс студенті.*

**Белсенді жас**

*Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті еліміздің жоғарға оқу орындарының ішінде 6 орында. Бұл жолы сұхбаттасқан кейіпкеріміз заң факультетінің 3 курс студенті Лаура Ахметвалеева. Бойжеткен университетіміздің биылғы үздік 10 студентінің қатарына кірді.*

**- Университеттің үздіктерінің қатарында болу қандай әсер сыйлайды және жетістікке жетудің сыры неде?**

- Біз университетіміздің бетке ұстар жастары болғандықтан, үздіктердің қатарында болу үлкен жауапкершілік артады. Өз тарапымнан мен әрі қарай университетіміздің дамуына өз үлесімді қоса беретінімді айтқым келеді. Ал үздіктердің қатарына қосылу үшін еңбекқор болу керек.

**- Оқуда белсенділігіңмен көзге түсіп жүрсің. Ал мектепте қандай оқушы болдың?**

- Мен Затоболдағы гимназияда оқыдым. Мектепте де қатарластарымның алды болып, әртүрлі іс-шараларға белсене қатыстым. Кейбір іс-шараларды ұйымдастыруға қатыстым. Қазір соның жемісін көріп жүрмін.

**- Жақында университеттің ұйымдастыруымен қысқы бал іс-шарасы өтті. Қатысушылардың бірі ретінде не айтасың?**

- Тойдың болғанынан боладысы қызық. Қысқы балда өнер көрсеткенімізден оған дайындалған уақытымыз көп болған сияқты.

Дәлірек айтсам бір ай дайындалдық. Балға қатысқысы келетіндердің саны да көп еді. Бірақ қатысушылардың саны шектеулі болды. Сондықтан іріктеуден өткендердің бағы жанды. Қысқы балда вальстің 3 түрі болды. Мен классикалық вальсті дайындадым. 28 адам бидің қимылдарын бірдей жасау басында қиын болды. Бірақ студенттер қимылдарды тез ұғып, жаттап алды. Бұл іс-шара бәріміздің көңілімізден шықты.



**- Қысқы балды өткіздік. Енді қандай жоспар бар?**

- Жуырда жыл сайынғы дәстүрге айналған «Мисс ҚМУ» байқауы болады. Оған да студенттер ат салысады. Мен де өз үлесімді қосамын деп ойлаймын.

**- Әңгімеңізге рахмет!**

*Бауыржан ҚАСЫМҚАН,  
ГӘФ журналистика мамандығының  
2-курс студенті.*





Алматыдағы М.Әуезов атындағы академиялық театрда Тұрғынбекұлының 50 жылдық мерейтойына арналып өткен әдеби кеште сөйлеген сөзінде академик-жазушы З.Қабдолов «Бес күйеуге шыққан әйел туралы» балладаны ұзақ, тілі жеткенше, сүйсіне мақтағанына куәгер болғаным бар. Қазақ әдебиеті теориясының негізін салушы заңғар ғалымның ілтипатына ілінудің өзі ұсақтар тобынан ұзап барып, ірілер қатарына қаймықпай жайғасу ғой.

Алғашқы күйеуі аштық, екіншісі әйгілі 1937-нің құрбаны болған үшіншісі сұрапыл соғыстан оралмаған төртіншісі тың жыртық жылдары трактор апатынан қаза тапқан бесіншісі маскүнем боп шыққан ана ақыр аяғында өз жұдырығын өз маңдайына жұмсап, көз жұмған. Аянышты әйел тағдыры оқиғалы өлеңнің түйінінде асқан шеберлікпен суреттелген. Көне, сіз де оқыңыз.

Бұл өмірде асқар асу-белес көп,  
Соның бәрі азап үшін емес тек,  
Қайран дүние!..  
Бес саусақтың ұшында

Бес күйеуі тұрды ма екен елестеп.

Алты алаш арыстарының қазасы – туған халықтың, оның ішінде орны ерекше ақынның да азасы. Серік Тұрғынбекұлының:

Бүкіл қазақ жиылып,

Бола алмады-ау бір Абай, - деп әріптестерінің біразын таңдай қаққызып, республикалық жыр мүшәйрасында даудамайсыз жеңімпаз болғанынан да хабардармыз. Кейін де жыр додаларынан сан мәрте олжалы оралды. Және бір айтарымыз, Серік ақын арнау өлеңдерді мәнді, мәнерлі жазуға әбден машықтанған. Оның ұлы Ахметке, Мұхтарға, Шақшақ Жәнібекке, Сәкен, Бейімбетке, Нұрхан, Қайнекей, Сырбай, Фафу, Кеңшілікке арналған жырлары сұлу сөзден өрілген, мәрмәр тастан берік ескерткіштер.

1972-ші жылы Шымкент қаласында өткен жас ақындардың республикалық фестиваліне қатысып, сөқияларға бөлініп, өлең оқығанымызда пойыз ішінде танысқан ару жайлы «Қыз астында полканың, мен үстінде» деп тебірәніс теңізінде шалқыған Серік кейін шын мәнінде махаббаттың шебер жыршысына айналып кете берді. Өлеңнің қызуы мен қыз-дүниенің қызығы шабытты жанды шаршатар ма? Қыз-келіншек көрсе көзімен де, сөзімен де, қолымен де, құшағымен де, тілегімен де,

жүрегімен де аялауға асығып тұратын ақын махаббатқа келгенде кідірмейді. Сел-тасқын сезімнің ақжал толқындарымен бірге қозғалып, бірге аунап бара жатқандай.

Ғашық көңіл малтығып құса-мұңға,  
Атың қалып қиссаның мысалында,  
Әйел сені сүймесін  
Әйел сүйсе

Онда сенің өлгенің құшағында.

Ақынның кітаптарың жазған өлеңдерін оқып отырсаңыз туған жердің, ғажайып табиғаттың шебер суретшісі екенін аңғару пәлңдей қиындық келтірмейді. Серіктің «Құшағыңды аш, Қостанай», «Көне Торғай келбеті», «Көкшетауым», «Ақжайық-ару», «Арал мен Балқаш арасы» деп аталатын жырлары және басқа да туындылары алтын аймақтардың өзіндей табиғи бояуға бай, барынша көркем, мейлінше көрікті. Сансыз сағынышынды оятып жібереді.

Біз бір мақала аясында арқалы ақын шығармашылығын түгелдей қамтып, зерттеп, зерделей алмаймыз. Оған баспасөздің көлемі де мүмкіндік бермейді. Солай десек те қарымды қаламгердің ұлттық әдебиеттегі біраз жаңға белсенді араласып жүргенін айтпау мүлде әбестік. Соңғы жылдары Серік драмаға қарай шұғыл бұрылды. Мұны біз табиғи талант иесінің кезінде Торғайдағы халық театры өнерпазы болғанының, республика мәдениет министрлігінде репертуарлық бөлімді басқарғанының, сондай-ақ Алматы, Астанадағы театр қайраткерлерінің көбімен аралас-құралас жүргендігінің өсері деп жорамалдадық. Астанадағы Қ.Қуанышбаев атындағы мемлекеттік театрда Серіктің «Мұқағали» атты драмасы біраз жылдан бері репертуарға еніп, сәтті қойылып келе жатыр. Ақынның көзін көрген қатар жүрген сырласқан автор біртуар тұлғаның ішкі әлемін жан-жарасын өте бейнелі, сенімді сомдаған. Ал автордың Қостанайдағы І.Омаров атындағы, Жезғазған театры қойған «Кейі-батыр», Арқалықтағы жас өспірімдер театры қойған «Нұрхан» драмаларынан да қаламгердің өзіндік қолтаңбасын режиссердің шынайы шешімін аңғардық.

Ақын Серік Тұрғынбекұлы бір өлеңінде:

Бәу, табиғат,  
Бермейсің пендеге өрік.  
Бар болғанмен сенде күш, сенде көрік,  
Қысың, күзің, көктемің, жазыменен

Дүние өтіп барады дөңгелеңіп - деп тебірәнген екен. Көбіне адалдығы мен азаматтығына айырықша сүйсініп, ағалығын арқа тұтып, кейде үш жас үлкендігін үш минутта ұмытып кетіп, құрдастай қалжыңдасып, шек-сілесі қата күлетін Серікті жетпісті мойындамайтын шығар деп ойлайтынмын. Бекер екен. Көдімгідей көніп, икемделіп қапты. Жыр - ғимаратында бірге ғұмыр кешкен, жаныңа жарық сәулесін түсірген Жанна жарыңмен үкілеп үміт күтіп отырған ұлың Сәкен, қыздарың Сәулә, Самал, Жұлдыз, балдан тәтті бауырдағы немерелеріңмен дүбірлі дүние қызығына тойма. Жұмақұл анаңның аруағы жебесін. Кейде қос ішекті домбыраны қолға алып, көзді жартылай жұмып жіберіп, қоңыр дауыспен «Қарғамауға» басып, кейде албырт баладай аңғалдығыңа таң – тамаша қалдырып, кейде Тайырдай тақылдап, Сырбайдай сұңқылдап жыр оқып, сері ақын боп серпілте бер. Өзіңді қазақ поэзиясының сел-сезімді, ағыл-тегіл шалқар дариясындай көреміз, көрнекті ақын Серік бауырым. Жігер күшің, қуатың, шабытың, жаңа ғана қауышқан жетпісің жеңіске, жеміске жетелей берсін ылайым.

Нағашыбай МҰҚАТОВ,

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,  
филология ғылымдарының кандидаты.

## Наурыз — думан, тамаша

Наурыз – көктем мезгілінің алғашқы айы, ізгілік пен жақсылықтың мейрамы. Ұлыстың ұлы күні адамдар бір-біріне деген өкпе-реніштерін ұмытып, кешірім сұрап, татуласып, табысқан. Бұл мереке барша қазақстандықтардың ортақ той-думаны. Бұл мейрамды Ахаң атындағы қара шаңырақ та кең көлемде атап өтті.

Мерекелік іс-шараға "Білім орталығының" қызметкерлері ұлттық тағамдар дайындап дастарқан жайды. Концерттік бағдарламаны гуманитарлық-әлеуметтік факультеті мен тіл және әдебиет теориясы кафедраларының студенттері ұйымдастырды. Іс-шарада университет басшылығы оқытушылар мен студенттерді мерекемен құттықтап, сөз сөйледі. Түйе атасы-ойсылқараға мінген Қыдыр атаның ортаға шығып, студенттерге ақ батасын берді. Салт-дәстүрді насихаттау мақсатында қыз-жігіттеріміз «Бастаңғы» деп аталатын көрініс көрсетті. Сонымен қатар «Қыз ұзату» рәсімін жасады. Мың бұралған бишілеріміз «Поппури» биін билеп, барша көрерменге мерекелік көңіл-күй сыйласа, филология факультетінің студенті Жақсыбай Ерсұлтан «Балбырауын» күйін тартты. Журналистика мамандығының 2-курс студенттері Әбдібаева Гүлдана мен Егізбай Эльмираның орындауындағы «Тек алға!» әнімен іс-шара аяқталғанымен, 22-наурыз күні университетіміздің ұйымдастыруымен орталық алаңда «Ахмет ауылы» деген атаумен киіз үй тігілді.

Бұл мерекелік іс-шара туралы Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті кәсіподақ ұйымының төрағасы Нұрлан Бекентайұлымен сұхбаттасқан болатынмын.

**- Киіз үйдің «Ахмет ауылы» деп аталу себебі неде?**

- Қостанай мемлекеттік университеті Ахмет Байтұрсынов атында болғандықтан біздің өнерлі ұжымды «Ахмет ауылы» деп атауды жөн көрдік. Бұл атау он шақты жылдан бері қолданылып келеді.

**- Киіз үйді қашаннан, қай жылдан бастап құрып келесіздер?**

- Мен осы университетте жұмыс істегеніме жиырма жылдан астам уақыт болды. Сол уақыттан бері дәстүрлі түрде Наурыз мейрамында университет жыл сайын киіз үй құрады.

**- Биылғы мерекелік іс-шараның қандай ерекшелігі бар?**

- Бұрынғыға қарағанда биылғы ерекшелік киіз үйдің көрмесі және былтырғыға қарағанда бір күн ерте болады 21-наурызда көрме болады. Оған арнайы әкімшілік тарапынан құрылған комиссия киіз үйдің



безендірілуіне бағасын беріп, үздіктерді анықтайды. Биылғы ерекшелігі осы деп айтуға болады. Қала бойынша тігілетін киіз үйлер екі күн бойы жұмыс істеп, Наурыз мерекесі тойланады. Өткен жылдары өртүрлі байқаулар мен ойындар бір-ақ күннің ішінде болатын.

**- Наурыз мейрамын тойлаудағы студенттердің белсенділігі қандай?**

- Наурыз мерекесінде көп студенттер демалыстың ұзақтығын пайдаланып, ауылдарына, ата-аналарына барғанды қалайды. Соған қарамастан да, біздің студенттеріміз белсенді ат салысады, әсіресе, «Өнер студиясына» барып жүрген студенттердің көмегі көп тиеді. Сонымен қатар, спорттық іс-шараларға қатысатын студенттер де бар. Бұл жерде халықтық мереке болғаннан кейін студент, оқытушы деп бөліп жармаймыз.

**- Біздің оқырмандарға айтарыңыз болса.**

- Ұлыстың ұлы күнін Наурыз - ұлт мерекесі. Бұл мереке, шынын айту керек, Кеңес үкіметінің кезінде мұндай кең көлемде тойланбаған. Қазіргі күні республикамыздың түпкір-түпкірінде атап өтеледі. Аға буын өкілдері «Қырық күн тойын, отыз күн ойын өткізді» деген тіркес дәл осы Наурызға арналғандай дейді. Біздің жастарға тәрбиелік, патриоттық мәніде өте зор. Біз тек қана наурыз мерекесінде ғана киіз үй тігумен шектеліп қалмай, көптеген салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрыпымызды келешек ұрпаққа көрсетіп соны жандандырып, әсіресе бұл мерекені батыс жағында, оңтүстік жағында он төртінші наурыз «Көрісу» мерекесінен бастайды. Сол дәстүрді Солтүстік өңірімізде де жаңғыртып біздің салт-дәстүріміз бар екенін болашақ ұрпаққа тәлім-тәрбие ретінде көрсете берсек, нұр үстіне нұр болар еді.

Әсел ҚИБАШ,

ГӘФ журналистика мамандығының  
2-курс студенті.



# Қоңілді кеш

ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығы және Қостанай облысының 80 жылдық мерейтойына орай 18 ақпанда оқу ордамыздың дәстүріне айналған «Қысқы бал» іс-шарасы өтті. Қаламыздағы «Дала Холл» мейрамханасында болған шараға «Ертегі әлемінде қонақта» деген тақырып арқау болды. Қысқы балға «Мейірімділік керуені» қайырымдылық акциясын қосыңыз.

Университетімізде төртінші рет өткен бұл іс-шара бұрынғылардан өзгеше. Студенттер көңілді кештің барысында лейкоз дертін шалдыққан төрт жасар Айшаны қолдауға арналған акция ұйымдастырды. Кішкентай жәшік орнатып, әркім өз мүмкіндіктеріне қарай ақша жинады. Осы балда жиналған қаржы ауыр дертке шалдыққан кішкентай қыз Айша Қабылбекованың еміне жұмсалады. Мейрамхана залында Айшаның суреттерімен баннер мен ақша жинайтын қорал та болды. Би кешіне келген кез-келген студент мейіріммен бөлісіп, кішкентай қыздың жазылып кетуіне аз да болса үлестерін қоса алды.

Осы жылғы қысқы бал ерекше қойылыммен басталды. Төржан Жұманов барша жиналған қауымды сиқырымен таң қалдырды. Класикалық би сайысы 3 бөлімнен тұрды: дәстүрлі, заманауи және классикалық Вальс. Әрбір жанрдағы би бір-бірінен асып түседі. Бал Қостанай облысының 80 жылдығына арналған дәстүрлі Вальспен басталып, кейін заманауи Вальспен жалғасын тапты. Ақ көйлек киген қыздар мен смокингтағы сымбатты жігіттер классикалық Вальстің ерекшеліктерін бір-бірінен қалыспай көрермендерге паш етті. Әрине, классика ешқашан сәннен кетпейді. «Ертегі әлемінде қонақта» деп балдың аты айтып тұрғандай әр фракцияға үй жұмысына бәрімізге белгілі ертегіден үзінді дайындап келу керек болатын. «Золушка», «Шрек», «Шелкунчик» сынды ертегілерден үзіндіні студенттер барынша өнерлерін салып, берілген кейіпкерлерді жоғары деңгейде алып шығуға ты-



рысты. Қатысушылар осы ертегілерді арқау етіп Айшаға рухани қолдау жасап, кез-келген қиындықтан сүрінбей өтуге болатынын көрсетті.

Мерекелік іс-шара соңында университетіміздің ректоры Хұсайын Уәлиев би нөмірін дайындауға белсенді атсалысқан қатысушыларды әртүрлі номинациялар бойынша құттықтап, сыйлықтармен марапаттады. «Ең жарқын фракция» номинациясын ақпараттық технологиялар фракциясы иеленді, аграрлық-биологиялық фракциясы «Ең сазды фракция» атағына ие болды. «Ең сиқырлы фракция» атағын экономикалық фракция иеленді. Ветеринарлық фракция «Ең шығармашыл фракция» номинациясын жеңіп алды. Ал балдың басты жеңімпазы гуманитарлық-әлеуметтік фракция болды. Қостанай дәстүрлі Вальсінің жеңімпаздары болып Айдар Ақбидәев және Анель Сағарова атанды. Заманауи Вальс жеңімпаздары болып Олжас Сүлейменов және Айгерім Зиннатуллина танылды. Классикалық Вальс жеңімпаздары болып Бағдат Аманжолов пен Наталья Мазур атанды. Гуманитарлық-әлеуметтік фракциясы музыкалық би қойылымдар арасында үздіктердің үздігі атанып, арнайы сыйлықпен марапатталды.

**Ботагоз ИЛІЯСОВА,**  
ГӘФ журналистика мамандығының 3-курс студенті.

*Суретте: қысқы балдан көрініс.*

тайып тұрды. Екеуіміз отырған бөлмеге қайтадан асыға, аптыға оралып, ұйысқан шашын саусағымен тарап қойып, тағы да жыр дәптерін парақтауға ыңғайланды. Өзінен-өзі булығып, сәл үнсіз қалды да қарсы отырған маған қарап:

-Түсінбеймін. Осы адамдар қызық. Өлең, оқып отырғанда неге келеді екен үйге, - деді. Мен бұл сөзге жымидым. Оны сезген Серіктің өзі де рахаттана күлді.

Кейін жергілікті қаламгер әдебиет ауылына біржола ат басын тіреді. Көпшілік назарына ілікті. Целиноград қаласында өткен жас ақындардың аймақтық кеңесіне қатынасты. Есінде ұзақ мерзім сақталар бұл сапар жөнінде Жанкелдин аудандық «Жаңа өмір» газетіне мақала да жазды. Бір ғажабы сол жылдары жергілікті газет «Жастар дауысы» деген айдармен әңгіме, новелла, өлең жазатындарды оқырманға үнемі таныстырып отыратын Тұрғынбекұлы толғаныстарын баспасөз бетінен жиі көріп жүрдік. Биік бағандардың бірінші басына орнатылған дыбысы Торғай телосын түгел қамтитын репродуктордан бірде атақты диктор Әнуарбек Байжанбаевтың оқуында Серіктің көктем туралы шынайы, шымыр жазылған жырын тыңдадым. Ол уақытта наурыз айының шуағы, жайнаған жер-ана, қырда қылтиған қызғалдақ жайлы ақындар өлеңдерін эфирден беру қазақ радиосы әдебиет редакциясының дәстүрлі ісі еді. Арада біраз жылдар өткен соң Серік ақынның өзі осы радиода қызмет жасағанын жұртшылық білуге тиіс.

Ертеректе ақын таза сезімнен тулап, бұлқына туатын лирикалық өлеңдерін өндірте жаза жүріп, айтысқа да атсалысты. Құлын-тайдай қатар өскен Кеңшілік Мырзабеков екеуі суырылып сахнаға шықты. Бірі «Торғай», екіншісі КПСС-тің ХХІ-ші съезі атындағы кеңшар намысын қоғады. Онда жазба айтыс қой. Қос таланттың да сөз саптаулары, шаруашылық олқылықтарын мінеген сынаған тұстары, тіпті Кеңесшіліктің домбырасыз айтысқаны, сонда да өлең сүйер жұртшылық жастар талабын қуана қолдағаны әлі жадымда.

Ақың жазушы атандыңдардың көбі елде еңсесін көтеріп, түзеп алған соң әдеби орта, кітап шығаратын баспа іздеп, Алатау баурайына, Алматыға тартатын Серікте сөйтті. Қайнекей ақынның қасында қарайып, Сырбаймен сырласып, Фафудан гитрат алып қатарлас қаламдасармен қауышып, Қазақстанның ғана емес парасатты поэзия астанасында тыныстап жүргендей тірлік кешті. Өлең бұлағының көзі ашылды да кетті. Жыр додасы да сайын дала төсінде шапқан сәйгүліктердің бөйге жарысына көбірек ұқсайды десек, Серік соңында қалып көрмепті. Қашанда желқанатты жүйріктер, топты жарған тұлпарлар қатарында. Оқырманын ойландырған, толғандырған шығармалары ма? Жетіп жатыр. Тұрғынбекұлын тұғырына көтерген өзгеше өлеңнен от өрген туындылары негізінен «Жазушы», «Жалын» баспаларынан жарық көрген. Кітаптарының аты да заты да бағалы. «Қобыз» ақынның айналаға естіруге асыққан алғашқы үні, «Көкейкесті» - көкірегіндегі сырын көп бүкпей, көпшілікке жайып салғаны, «Торғай толғауы» туған жердің кескін-келбеті, «Жүрегімің сәулесі» - ағыны күшті ағыл тегіл сезімі, «Кеш келген көктем» - жұмбағы, құпиясы жеткілікті жан-дүниесі, «Жер орта» кемелдену кезінің көркем жырлары деуге де болады. Соңғы жылдары жарық көрген екі томдық шығармалар жинағы да ақын асуының аласа емес екендігін нақтылы дәлелдейді. Серік ақын жаңа қоғамға үңіле қарап, адамдар әрекетін өлеңмен өре біледі. Философиялық ойлары ешкімді де бейтарап қалдырмайды. Өлең өрнектерінен мін табу мүмкін емес. Ағыл-тегіл сезім, орамды ой, иілмес идея үндесіп, үйлесіп, тіршіліктің қаз-қалпындағы көрінісін елестеді.

Тұрғынбекұлы шағын лирикалық жырлармен шектелген жан емес. Әйгілі халық ақыны Нұрхан Ахметбековке, өзге де

таланттарға ұқсауға белді бекем буып, эпикалық туындыларды да жазды. Оның «Кейі батыр» «Сөкен – Сұңқар», «Нұрхан» және тұңғыш ғарышкер Тоқтар Әубәкіров туралы тереңнен тебіренген дастан, хиссалары ұлттық поэзияның алтын қорына қосылған қомақты дүниелер деуге негіз бар.

Кешегі Кеңес дәуірі, егемендікті өншілеген тәуелсіз Қазақстан тіршілігі болсын қаламгер қаламынан тыс қалмай, ұмытылмай, ұдайы назарға ұсынылып келді. Өмірде өзі қол бұлғап, шақырып, мен мұңдалап тұрған тақырып көп. Бірақ қоғамның басты байлығы адамдар қай ғасырда да әдеби туындылардың тұлғалы кейіпкерлеріне айналған. Әңгіме жағымды және жағымсыздардың айналасынан өрбіп отырған. Өркениетке қол созып, өзгелерімен иық төздестіреміз деп талпынған сайын өлемдік деңгейдегі саяси күрес қана емес, адалдық пен арамдық, мейірім мен қатігездік, әділдік пен айуандық арасында үлкенді, кішілі, қақтығыстар жүріп жатыр. Серіктің «Адамға-адам» өлеңі осы бір қозғалысқа қорқыныш, үреймен үрке қараудан әрі қатты тебіреністен туған.

Қара нанды жеп жүруші ең қақ бөліп,  
Адамға адам бара жатыр жат болып,  
Қарның ашса қарастайды қайырылып  
Жаяу қалсаң бере алмайды ат-көлік.  
Тектен-текке бүліндік те, есірдік,  
Ұрық бітті...  
Құрып бітті өсімдік,  
Адамға-адам айуан болып барады  
Адамға-адам...  
Адамға-адам... Не сұмдық.

Ақын мен халықтың алып жүрегі әрқашан бір кеудеде соғып, лүгілдеп тұратын тәртізді. Мақсат, мүдде, ойлаңдырар жайлар ортақ... Елге, жерге, әдет-ғұрыпқа, тілге байланысты тұжырым, топшылау кезіндегі көзқарастары да үндесіп, парасатты пайымдаулары да үйлесіп жатады.

Өлеңді оқытыңдар ғана емес, зердесіне тоқитыңдар саны сарқылмаса, ірі лауазым иелерінің назарларына іліксе деп армандайсың. Тыңдалмаған сөз – жетім. Айтары нысанаға деп тимеген ақын да атқан оғы айдалаға, қашыққа қаңғып кеткен аңшыға тең. Егер қазір мемлекеттік мәртебеге ие қазақ тілі тағдыры экран эфир, баспасөзде, ауызша сұхбаттарда негізгі тақырыпқа айнала бастаса Серік өлеңдерінің де бекерден бекер жазылғаны деп түсінейік.

Ауыл-тек қана мал, сүт, ет, май, қаймақ десек, қатты қателесеміз. Елді мекендер ежелден-ақ салт-дәстүрдің сарайы, шынайы адамгершілік шаңырағы, тағылым, тәрбие табалдырығы, туыстықтың туын көтеруші, ағайындық пейілдің алтын көпірі атанған емес пе? Егде кісілер сол ауылды ажары бұзылмаған кейпінде, табиғи кескін бейнесінде көргісі келеді де тұрады. Алқалы топ атынан ақиқатты айтып, ақыны ақтарылып жатса, оның несі айып. Ықылым заманға саяхат жасасаңыз ел мүддесі хақындағы шынайы лебізді қай уақытта да ақын жазушылар айқайлап айтқаны баршаға аян. Бір жылдары республикалық баспасөз бетінде жарияланған бұрынғы премьер-министр Ә.Қажығельдинге арналған ақынның «Ауыл өліп барады» өлеңі қазір де маңызын жойды, жоғалтты деу асығыстық болар.

Ауырған соң сөз айттым, өте жаным,  
Сөз айтқаннан басқа мен не ете аламын,  
Ауыл өліп барады, ауыл өліп  
Қолыңды бер, Әкежан-Көкежаным.

Серіктің осы өлеңі біраз жылдар бойы бүкіл ауылдың үлкен кішісі қосыла айтқан қолпаштай көтерген ұранына айналғандай болды. Бұдан кейін ежелгі елді мекендердің әлеуметтік дамуы қаншалықты дамыды оған бұқара-жұртшылықтың өздері куә.



## СЕЛ - СЕЗІМНІҢ ДАРИЯСЫ (ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «АЛАШ» СЫЙЛЫҒЫ, БҮКІЛ ТҮРІК ПОЭЗИЯСЫ ФЕСТИВАЛІНІҢ ЛАУРЕАТЫ, БЕЛГІЛІ АҚЫН СЕРІК ТҰРҒЫНБЕКҰЛЫ ТУРАЛЫ СЫР)

Жерлесіміз, көрнекті ақын Серік Тұрғынбекұлы биылғы жылдың наурыз айының бірінші жұлдызында 70 жасқа толды. Біз қарымды қаламгерді мәртебелі мерейтоймен қызу құттықтап, оған мықты денсаулық, шалқар шабыт тілейміз.

Кіндік қаны тамғаннан бастап адам баласы замаң қоғамның ауасымен тыныстап, уақыт керуеніне ілесіп жүріп, ғұмыр кешеді. Сөнің тірлігіңе, тыңдырған ісіңе шын мәніндегі куәгерлер сырт-сырт соғып сырғыған сағаттар, күндізгі мен түндері алма кезек ауысқан күндер, қуанышы мен қайғысы араласқан айлар, жылжыған сайын жаныңды қанаттандырған қайран жылдар тізбегі... Уақыттың алдын орап, одан озып, ілгері зулаған ешкім жоқ. Қайта ол пендені өз уысында ұстап, ықтиярына көндіріп, ырғағында тербетеді. Әр жыл артта айқайлап қалған соң адамның барлығы да еріксіз есейеді. Бел бұған белесіне, арман көрген асуына көтеріледі. Туған күн қай кезде де дүбірлі думан, мерейлі мереке. Амандық-саулыққа қоса алуан атақ-абыройды арқалатқан дөңгелек санға дөңгелетіп апарып жеткізген 70 жылдық мерейтойдың қадір-қасиетін қазақтың көрнекті ақыны, Халықаралық «Алаш» сыйлығының, Бүкіл Түрік поэзиясы фестивалінің лауреаты, Республикалық жыр мұшайраларының сан мәрте жеңімпазы, бірнеше кітаптардың авторы, жерлесіміз Серік Тұрғынбекұлы жақсы сезініп отыр. Ол 1946-шы жылы наурыздың 1-ші жұлдызында Қостанай облысы, Жанкелдин ауданы Ақшығанақ ауылындағы Төлеген қыстауында дүниеге келген. Мектеп бітірісімен осы аудандағы «Жаңа өмір» газетінде қызмет істеген Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті журналистика факультетінің түлегі. Қазақ радиосында аға редактор, республикалық «Лениншіл жас» газетінің Торғай, Қостанай облыстары бойынша меншікті тілшісі, республикалық халық шығармашылығы үйінде фальклор бөлімінің жетекшісі, қазақ теледидары әдеби драммалық хабарлар Бас редакциясында, қазақ радиосында редактор, Баспа полиграфия, кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінде аға редактор, «Жұлдыз» журналында поэзия бөлімінің менеджері, мәдениет министрлігіндегі репертуарлық, редакциялық алқаның Бас редакторы, Астана қаласындағы С.Сейфуллин мұражайының директоры қызметтерін атқарды. Қазіргі таңда зейнет жасында болса да, рухани жан серігі қаламнан бір сәт қол үзбейді. Астана қаласында, Қазақстанның өзге жерлерінде өтетін бұқаралық сипатқа ие мәдени-көпшілік шараларға белсенді түрде қатынасады. Республикалық ақындар айтысына әділ қазылық жасаушылардың салиқалы сапында жүреді. Республикалық «Хабар», «Қазақстан» телеарналары ұйымдастырған пікірталас, ашық әңгіме үлгісіндегі хабарларға тұрақты қатынасып, ұлт болмысына, тағылым тәрбиесіне байланысты ой, пайымдарын білдіреді.

Қазақстан жұртшылығы Серікті жалынды, қаламы қарымды журналист ері арқалы ақын ретінде біраз жылдардан бері біледі. Есею жылдарын басынан кешіп отырған осы азаматтың екі қырын салмақтап, таразылап көрсек, арқалы ақындығы әрқашан басынқырап тұрады. Сәл кейінге бұрылып қарасам Тұрғынбекұлымен танысқан, тетелес іні ретінде қатарлас жүрген сәттер елес беріп өтеді. Мен оны 1965-шы жылдан бергі аралықта біледі екенмін. Гүрілдеп өлең оқыған сайын, дүрілдеп атағы шыға бастаған Серік сәулелі таңнан

сел-сезімнің жетегінде жүретін Жанкелдин аудандық «Жаңа өмір» газетінде әдеби қызметкер, жергілікті радио хабарларын ұйымдастырушы жұмыстарын атқарумен бірге, таланты тасты жарған талап иесі, алымды ақын ретінде танылды. Жергілікті «Жаңа өмір», Қостанай облыстық «Коммунизм таңы», «Тың өлкесі» газеттерінде оның өлеңдері топырлап шыға бастады. Алпысыншы жылдары осы қаламгер жазған

Торғайдың атырабында  
Болған талай ұрыстар бар  
Торғайдың топырағында  
Қираған талай қылыштар бар,- деген жыр жолдары өлең сүйген қауымның жадында сақталып қалды. Сондай-ақ сол кезеңде Серік Тұрғынбекұлы сөзін жазған Болат Хамзиннің «Торғай қызы» әні ауыл сахналарының нақ төрінде әуеледі. Жайнаған дала – көктемдей,  
Жұпарын жанға төккендей,  
Торғай қызы салған ән

Еркелеп маған жеткендей,- деп келетін әсем ән өлі күнге дейін әрбір отырыс, той-думанның айшықты ажары. Осы шығарманың шырайын шығаруға әнші Ырысты Ерденева, баяғы «Шерттер» ансамблінің талантты әншісі, өзінің туған қарындасым Отарқұл Оразбайқызы қыруар еңбек сіңірді. Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерватория түлегі, талантты сазгер Болат екеуінің шығармашылық ынтымағынан туған «Аманкелді ұрпағы» әні хор ұжымдарының репертуарын байыта түсіп, балалар есиетіне адал ұрпақтардың жүрек үндеріндей естілетін Ұядағы ұлдардың, қияғы ұшар қыздардың намыстарын қайрап, Отансүйгіштік, патриоттық сезімдерін күшейтетін лаулатып жандыратын.

Қазір Серік ақын әуезді өнге мәтінді көркем жазатын ақындардың қатарында жүр. Мәселен қазақтың талантты композиторлары Ә.Бейсеуов, Т.Мұхамеджанов, С.Бейтереков, жергілікті таланттар Қ.Деріпсалдин, Б.Сәуекенов, Т.Әлденөвтердің Тұрғынбекұлымен бірлесіп шығарған туындылары танымал әншілердің тұрақты репертуарларына өнген. Әрбір әннен ақын мен композитордың туған жерге деген ыстық сағынышың, айналасындағы адамдарға деген жылылықты, балдан тәтті махаббаттың, сағыныш сырларын әбден аңғаруға болады.

Аралбай ауылындағы Жанкелдин атындағы орта мектепте жоғарғы сыныпта оқып жүргенімде ептеп өлең жазғандықтан Серікке біртабан жақын болдым. Бірде ол мені Торғай селосындағы екі қабатты еңселі үйдегі шағын пәтеріне апарып, жаңа өлеңдерімен таныстырды. Жыр оқығанда біртүрлі арқаланып, шабыттанып, шалқып кетеді екен. Қазақы, қоңыр дауысы құлаққа жағымды. Біресе түлеп, түрленген түріне, біресе ауаны тілгілей сермелген қолына қарайлаймын. Серік пәтерінде емес, өлең өлкесі сұңқарындай самғап ұшып бара жатқандай. Біреу есік қағып, тарсылдатып әкетіп барады. Біразға дейін дыбысты естімеді ме, әлде ойын ортасынан бөлгісі келмеді ме кім білсін мейманды қабылдауға қиналып, қынжылып барды. Көрші, дәрігер жігіт екен. Бірдеңе деп күбірлеп, табалдырықтан

## Мұң көрдім сәби көзінен



**Бала үшін ана мейірімі ауадай қажет. Ананың ыстық алақанына ештеңе жетпейтін шығар. Ана өз баласын ешқашан жаман болсын демейді. Балалары үшін мейірімді аямайды.**

Менің бүгінгі кейіпкерлерім ата-ана мейіріміне зәру жандар. Ата-ана мейірімінен айырылған жандар. Көздері жәудіреп, жан-жақтан мейірім іздейтін балалар. Ананың аялы алақанына зар болған балғындар.

Біздің аграрлық-биологиялық факультетінде жыл сайын дәстүрге айналған «Бақытқа бірге жетеміз» деген қайырымдылық акциясы ұйымдастырылып отырады. Бұл акция аясында 17 ақпан күні біздің факультеттің студенттері Қостанай қаласында орналасқан жетім балалар және ата-ана қамқорлығынан айырылған №2 балалар мектеп –интернатына барып, көмек қолын созды. Біздің мақсатымыз жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың мәселесіне қоғамның назарын

аудару, олардың адмгершілік-рухани дамуына ықпал ету. Балаларға бір сағат болса да мейірім сыйлап, қуанышқа бөлеу еді.

Бізді балалар үйінің тәрбиешілері қуана қарсы алды. Негізі, балалар қонақжай екен. Балалармен бірге би билеп, өлең айтып, ойын ойнап, аз да болса көңілдерін көтердік. Өзіміз алып барған азғантай сыйлығымызды табыстадық.

Әр баланың көзінен мұң байқалады. Олар бізбен емен-жарқын араласып, бірге ойнаса да өзге қатарластарынан ерте жетілгендері көрініп-ақ тұр. Әрқайсысы туған аналарын күтіп жүргендей есікке елеңдей береді. Аз уақыт ішінде біз бір-бірімізге бауыр басып қалдық. Кетер кезде, балалармен қимай қоштасып, тағы да келетінімізді айттық.

Мейірімділік пен сүйіспеншілік біздің өмірімізді және көңілімізді таза әрі жарық қылады деген ойдамын.

**Сымбат БАЙДІЛДИНА,  
АБФ биология мамандығының  
1-курс студенті.**



## Қазақ тарихынан (басы журналдың өткен сандарында)

### Елдес Омарұлы

Бірақ қазақ соңында құрыған жоқ. Жаудан аман қалған ел көшікпей басын қосып, Қасым ханның баласы Ақназарды хан көтеріп, қайтадан ел болды. Ақназардың тұсында қазақ Моғолстанмен қайта жауласып, онда қалған елін, жерін қайтарып алған. Моғолстанмен соңғы соғыста Моғолстанның ханы Абуыллатиф оққа ұшқан. Қазақтың өзбектермен соғысып, Ташкентті қамайтыны да осы Ақназардың тұсында. Ақназардың заманында қазақпен бұрын жауласып жүрген Ноғай хандығы қазаққа беттей алмай, қазақтан көрген қорлығын орыс патшасына шаққан. Сібір ханы Күшік хан да орыс елшілеріне қазақ хандығы күшейіп бара жатқанын айтып, өзінің қазақтан сескенетінін сездірді. Ол кездегі орыс патшасы 4-ші Иван Ақназарға елші жіберіп, сауда сату көруен жолы тақырыпта сөйлесіп тұрған. Сөйтіп, Ақназардың уақытында қазақ Қасым хан заманындағы қалпына түсті, зор патшалық болып, бұрынғы дұшпандары қазақпен амалсыз санасатын болған.

Ақназардан кейін Сығай ханның заманында қазақ аз-маз төмендегенімен, көп ұзамай-ақ қайтадан дәуірлеп күшейеді. Сығайдың баласы Тәуекел ханның тұсында қазақ көп уақыт өзбекпен жауласып, ақырында Ташкент, Түркістан, Әндіжан, Самарқанд һәм солар мен қатар басқа өзбек қалаларын өзіне қаратып алған. Тәуекел хан орданы Ұлытаудан Ташкентке көшіріп, мұнан кейін қазақтың хан ордасы «Ақтабан шұбырындыға» шейін Ташкентте болған. Бұл қалаларды алғаннан кейін де қазақ пен өзбектің арасындағы соғысы бітпей, мұның артынан қазақ әскері өзбектің астанасы Бұхарды да қамаған.

Орыс тарихшылары Тәуекел ханның 1594-нші жылы орыс патшасы Петрге елші жіберіп, қазақты орысқа қаратамын деген сөлемін жазады. Мұның дұрысы, Тәуекел хан орыс патшасының қолына түскен Темір інісі Оразмәмбетті сұрап кісі жіберген. Орыстан Оразмәмбетті сұрап саудаласқанда елшілер қазақ орысқа бағынады деп айтуы да мүмкін. Бірақ ол кезде қазақтың орысқа бағынуы қазақтың да, орыстың да тіпті түсіне кіруі де мүмкін болмасқа тиіс. Ол кезде қазақ орыстан бір елі жоғары болмаса, төмен емес, сыртқа айбыны зор, қандай мықты патшалықпен де болса терезесі тең еді.

Тәуекелден соң Есім ханның заманында қазақ хандығы күшейіп, дәуірлеп тұрды. Есім ханның тұсында қазақ көп уақыт қалмақпен жауласып, ақырында қалмақты жеңіп, тоқтатқан. Бірнеше рет өзбекпен соғысып, оларды да бет бақтырмай қайтарып тұрған. Ол кездегі өзбек ханы Имамқұлы хан деген өте жауынгер хан еді. Имамқұлы қазақтан Ташкент-Түркістанды қайтарып аламын деп, көп әскер жиып, қазаққа үш рет аттанып, үшеуінде де (1611, 1613, 1621-нші жылдар) жеңіліп қайтты. Ол уақыттарда қазақ Моғолстан хандығының ішкі

жұмыстарына да араласып, Моғолстан хандарын да қолынан қойып жүрді.

Есім хан қазақтың тұрмысына, салтына лайықтап қазаққа жаңа заңдар шығарған. Қазаққа мақал болып кеткен «Есім ханның ескі жолы» осы «Еңсегей бойлы ер Есімнің» шығарған заңдары.

Есім ханнан кейін қазақ аз уақыт төмен тартып, нашарлаған 1628-нші жылы Ташкенттен айырылған. Бірақ көп ұзамай-ақ қазақ қайтадан күшін жиып, Есімнің баласы «Салтқам Жәңгір» атанған Жәңгір ханның тұсында да бұрынғысындай айбынды, күшті болып тұрды. Жәңгірдің заманында қазақ дамылсыз жоңғармен соғысқан, ол кезде жоңғарлар қоңтайшы Батырдың соңына еріп өте күшті патшалық болып еді. Қоңтайшы Батыр қазаққа әлденеше рет аттанып келіп, көп елді шауып, қазақпен жоңғар арасында талай қырғын соғыстар болған. Көбіне соғыста жоңғарлардың күші басым болып, жоңғарлар жеңілгенде қазақты тыпыр ете алмайтын қылып үйсіретіп шауып жүрген. Қазақ сондай қатты қырғынға ұшырағаннан кейін де, іле-шала қайтадан жылып, қалмаққа аттанып, қайтадан қан төгіп соғысып жүрген. Бұл кезде Қазақтың көрсеткен қайраты, жүрегі адам айтарлық емес. Өзін әлде неше рет талқан қылып шауып кеткен жаудың басым екенін біле, көре соған қайта ұмтылып, жағаласқаны қазақтың тіпті мойымай, ештемеден жүрегі қайтпағаны ғой, Қалмақтан талай қырылып, таяқ жегеннен кейін 1643-нші жылы Жәңгірге ерген 600 кісілік әскер қоңтайшы Батырдың 50 мың адамына қарсы тұрып, кейіннен келетін 20 мың әскері үлгергенше жоңғарды ілгері жібермей соғысып, 10 мыңдай адамын қырған. Мұнан кейін қазақтың кейінгі 20 мыңы үлгеріп, қоңтайшы Батыр кейін қашқан. Дамылсыз жоңғар соғысының үстіне қазақ ол кезде өзбекпен де жауласқан. 1644-45 жылдарда өзбектен Ташкентті қайта тартып алған.

Жәңгірден кейін оның баласы Тәуке ханның заманында қазақ соғыстан дамылдай алған жоқ. Сөйтсе де Тәуке хан (мұны қазақ «өз Тәуке» дейді, тек соғыспен ғана жүрмей, уақыттың көбіне қазақтың ішкі жұмысы тәртіпке салынып, патшалық құрылысын түзеумен өткізді. Тәуке хан рудың тиісті қонысын бөліп беріп, ел ішінде болатын дау-жанжалды дұрыс тексеріп бітіру үшін жаңа заңдар шығарған. Ел билеу һәм халқының түрлі мұң-мұқтажын шешу үшін Тәуке әр рудың өкілдерін жиып, кеңесетін болған. Мұндай жиылыстар Тәукенің заманында жыл сайын болып, ең кемі бір айға созылады екен. Қазаққа мақал болып қалған «Күлтегіннің басында күнде кеңес» осы Тәукенің заманындағы кеңестер болуға керек. Тәукенің тұсында қазақтың ішкі тәртібі өзінше қанша жайлы болғанымен де ол кезде қазақ сырт дұшпандарынан бұрынғыдай қайрат шығарып, қорғана алмады. Тәукенің қартайып қалған уақытында 1717-нші жылдарда қазаққа бұрыннан

## Қызыққа толы «Қыздар» телехикаясы

Бұрындары халық отандық телехикаяларды мүлдем көрмейтін. Кеш түссе болды отыра қалып түріктің «Денизін», корейдің «Ханзада Жумонын» тағы да басқа фильмдерін аңдитын. Сөйтіп отырғанда қазақ сериалдарына уақыт та қалмайды. Мойындаймыз, ол кезде «Қазақфильм» әлсіреп тұр еді. Ал қазір бәрі де басқаша. Қазақ киноматографиясы қарқынды даму үстінде. Ұлттық менталитетімізді, салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрыптарымызды көрсететін туындылар да жетерлік. Қазақы қалжың мен қонақжайлығымыз да әр сериалдың сәнін келтіреді. Қарапайым халықтың өмірі мен тәлім-тәрбиесі тек қана отандық фильмдерден көрініс табады. Мұның бәріне «Қара шаңырақ», «Ағайындылар», «Сырғалым», «Әпке», «Жібек» сынды телесериалдарымыз дәлел.

Заман ағымына сай дамып келе жатқан заманауи фильмдер де жетіп артылады. Жастардың өзі сүйіп көретін кино туындыларымыз қаншама. Бірнешеуін тізіп өтейін. Олар «Айжан», «Ұлжан», «Келинка Сабина», «Ауылдастар», «Вузеры», «Қыздар», айта берсең, толып жатыр. «Қыздар» демекші, бұл телехикая менің таңдауым болып отыр. Себебі мұнда студенттік өмір мен қыздар арасындағы достық, ең бастысы журналистік шығармашылық пен шеберлік бар. Бұл фильмнің сюжетін сөзбен суреттеп берейін.

Бар болғаны 32 сериядан тұратын телехикаяның қызығы көп. Сценарий авторлары Рашид Сүлейменов, Светлана Летрийчук және Рустам Азаматов. Басты рөлді сомдайтын жалындап тұрған жас әртістер Іңкәр Әбдіраш – Айлан, Әдемі Сүлейменова – Қаныкей, Гүлдана Ахмет – Мерей, Гүлназ Жоланова – Зере, Шер Әлі – Мирас, Олжас Нұрбаев – Шадияр, Серік Шәріп – Әлнұр, Қуаныш Керімқұлов – Диас және Дидар Кәден – Мәуленнің рөлінде ойнайды. Бұл фильм отандық киноленталардың ішінде романтикалық комедия жанрындағы алғашқы сериалға жатады. «Қазақстан» ұлттық телеарнасы ұсынған көркем фильм не туралы? Бұл жайында сөз қозғамас бұрын Мерейдің рөлін сомдаған Гүлдана Ахметтен алған сұхбатыммен бөлісе кетейін.

**- Гүлдана, «Қыздар» телехикаясына қалай келдіңіз және фильм туралы пікіріңіз қандай?**

- Сериалға кастинг арқылы өттім. Кастингтің бірнеше сатысы болды. Басында бұл рөлге басқа актриса бекітілген болатын. Түсірілімнің бірінші күні мені қайтадан кастингке шақырып, Мерейді сомдау маған бұйырғанын айтты.

Түсірілім жұмыстары өте қызықты болды. Басында түсініспеушіліктер болды әрине. Бірақ аяғына қарай бәріміз достасып кеттік.

**- Түсірілім қанша уақытқа созылды?**

- Екі жарым айдан астам уақытқа созылды. Ең қиыны, түсірілім алаңына таңғы сағат 07:00-де жиналатынбыз.

**- Бұл фильммен кейін тағы қандай рөлдерді сомдадыңыз?**

- Көршілер сериалына түстім және Q-елі деген скетч айнадым.

Сонымен фильмге көшелік.

Мерей мен Айлан ауқатты отбасының қыздары және

өте сәнқой сұлулар. Екеуі бірдей емтиханға кешігіп келеді, оның үстіне бизнес жоспарлары да дайын емес. Айлан – қандай жағдай болмасын шығар жол тауып алатын ақылды, салмақты әрі айлакер қыз. Мерей болса сәннен басқаны білмейтін сылқым. Олардың бар ойы далап, қалта телефоны және әдемі күлкі. Зере – оқымысты, тәрбиелі, қарапайым және колледждің үздік студенті. Оның ферма туралы жасаған бизнес жоспары басқалардың көңілінен шықпаса да деканға ұнайды. Әлнұр – қылжақбас, қыздарға көп қырындайтың, өтірік айтқанды жақсы көретін жалқау жігіт. Мирас – шетелден жаңа ғана келіп жатқан қалалық қамқор азамат. Шадияр – сөзге жоқ тек оқуды ғана ойлайтын оқымысты. Ал Қаныкей тік мінезді, ойындағыны ашып айта салатын суықтау келген сұлу.

Сонымен, Мерей мен Айлан деканға не айтарларын білмей сасқандарынан «жаңа заманға сай журнал шығарамыз» дейді. Міне, бәрі осыдан басталады. Әлі дайын емес журнал жайлы айтып бастарына бөле тауып алған қыздарға декан бір күн ғана уақыт береді. Сөйтіп олар мақала жаза алатын көмекші іздей бастайды. Ақыры Зерені көндірді. Қаныкей суретке жақсы түсіретін. Соңынан жүгіріп жүріп қыздар оның келісімін алады. Демек, фотограф та дайын. Енді журналды жазу ғана қалды.

Мирас пен Айлан бірін-бірі бұрыннан ұнатады. Екеуі кездесіп қалғаннан кейін Айланнның ойы тек сол болады. Ал Шадиярдың бар ойы Мерейде. Оның ағасының баспаханасы бар. Соның арқасында журнал өз уақытында шықты. Қыздар міндеттерін бөлісіп алады. Бас мақала Айланнның өзінде, сән әлемі тек Мерейдікі және сұхбат пен басқа да тақырыптар Зеренің, ал суреттер Қаныкейдің мойнында. Осылайша бір күнде олардың журналдары дайын болды. Енді тек атын қою қалды. Қыздар әр түрлі ой айтып, ақыры бір байламға келді. Журналға «17+» деп ат қойды. Олар өу бастан-ақ мұның экономика пәнінен дипломдық жұмыс болып қана қоймайтынын түсінген болатын. Сөйтіп журнал апта сайын шығып тұратын болды.

Армандары асқақ қыздардың тағдырлары да оңай болмайды. Бірақ, қиындыққа қасқайып қарсы тұра білген олар, өткеннен сабақ алды. Журналдары жабылуға дейін барады. Шиеленіске түскен махаббат оқиғалары да жетерлік. Не істерін білмей жүрген Мерей мың жігіттің ішінен бір жігітті таңдап алады. Ол өзі секілді сөнге жақын дизайнер әрі ауқатты жігіт Мәулен. Қаныкей Диас есімді фотографпен танысады. Олардың махаббаты да түрлі сыннан өтеді. Зерені менсінбей жүрген Әлнұр, соңында ғашық болып қалады. Зере оның өзгеруіне көп септігін тигізеді. Айлан мен Мирас та ажырамас жұпқа айналады. Бұл дүниеде махаббат пен достықтан асқан ештеңе жоқ екендігіне фильмді көріп отырып көз жеткізесің.

**Арайлым ҚҰЛТАЕВА,  
ГӘФ журналистика мамандығының  
2-курс студенті.**



## «Өкініш» атты қойылым

Театр – өнер ордасы. Осы сөздің мәнісін өзім театрға барып жүрген кезде де ұғына алмаппын. «Театр – менің екінші үйім. Мен өзімді басқа саладан көре алмаймын» деген еді жас актер Нұрсерік Кеңесбаев. Осы кезде еске Дулат Исабековтың «Бұрынғы көрермен 3 нәрсені біліп баратын: 1-авторды; 2-режиссерді; 3-сүйікті әртісі үшін спектакльге баратын. Қазіргі көрерменге бәрі бір» деген сөзі оралады. Ақпанның 17-жұлдызында І.Омаров атындағы қазақ драма театрында «Өкініш» қойылымының премьерасы өтті. Осыған орай, спектакльдің қоюшы-режиссері Ержан Қаулановпен сұхбаттасқан едік.



**- Ерлан аға, сұхбатты өзіңіздің театрға келуіңізден бастасаңыз.**

- Мен 2002-2005 жылдары Т. Жүргенев атындағы өнер академиясының колледжінде музыкалық драма театр актері мамандығында оқыдым. Одан кейін өнер академиясына режиссерлік факультетке түстім. Жетекшіміз Жанат Хаджиев ағамыз болды. 2010 жылы оқуды бітіріп, Қостанай қаласындағы І.Омаров атындағы облыстық қазақ драма театрына келіп, Ф. Жампиевтің «Метрампаж» комедиясын алғаш қойдым. Көп ұзамай жаңа жылдық ертеңгіліктер қойылды. Кейін театрдан шығып кеттім. Сосын шақыртумен М.Байжиевтің «Тіл табысқандар» пьесасын қойдым. Енді театрға келіп тұрғаным осы. Биылғы премьера «Өкініш» деп аталады.

**- Осы аталған спектакль туралы толығырақ айта кетсеңіз?**

- Бұл трагедия жанрындағы қойылым. Авторы – белгілі ақын, драматург Ақылбек Қожаұлы Шаяхмет. Пьесаның төл атауы «Шал мен кемпірдің үйленуі» деп аталады. Біз өзіміздің тарапымыздан өзгертулер мен қысқартулар енгізіп «Өкініш» деп атадық. Дайындыққа 1 айға жуық уақыт кетті.

**- Сіз қойған премьералардың жанры әр түрлі. Өңізге қайсы жанр жақын?**

- Мен оқып жүрген кезімде де: «Саған комедия жанрымен жұмыс істеген жарасады. Комедиологсың» деп лебіз білдіретін. Жасырмаймын, комедияларды жақсы қойып жүрдім. Көп күлетін адамның ішінде қайғысы болады деп жатады ғой. 2013-2014 жылғы тәжірибемде маған комедияға қарағанда, трагедия

жақынырақ екенін түсіндім. Ол кезде Қостанайда болған жоқпын. Сол себепті осы аталған трагедияны қоюды жөн көрдім.

**- Артистердің актерлік шеберліктері көңіліңізден шықты ма?**

- Театр ұжымының барлық мүшесі өнер академиясын бітіріп келген кәсіби мамандар. Содан болар артистермен жұмыс істеген оңай болды. Біз бұған дейін де бірге жұмыс істегенбіз. Сол себепті бір-бірімізбен тез түсіністік. Дайындық барысында ешкім де кешікпеді. Бұл бір-бірімізге деген құрмет пен сыйластың белгісі деп білемін. Премьераның сәтті шыққанына біздің ұйымшылдығымыз да басты рөл ойнайтыны сөзсіз.

**- Ең қызығы қойылымда Зәмзәгүл апайдан басқа актерлердің бәрі жастар. Оларға қарттардың ролін сомдау қиын болмады ма?**

- Әрине, қиындықтар болды. Бұл тек жастарда болатын осалдық емес, ондай қобалжуларға тәжірибелі актер де тап болады. Жастарға қариялардың ролін сомдау тым ауырға соқты. Олар алғашында өз образдарына кіре алмады. Тыңғылықты дайындықтың нәтижесінде өз-өздерін тапты.

**- Алдағы жоспарыңыз қандай?**

- Болашақта не боларын уақыт көрсетеді. Қазір мені басқа театрларға шақырып жатыр. Мүмкіндік болып жатса соларға да барып қойылым қоямын. Жағдайымды жасап жатса осы театрда қалуға дайынмын.

**Сұхбаттасқан Жұлдыз ТОСОВА,  
ГӘФ журналистика мамандығының  
2-курс студенті.**

**Суретте: «Өкініш» спектаклінің  
премьерасынан көрініс.**

соғысып келе жатқан жоңғарлардың үстіне, екінші жағынан қалмақ, башқұрт, орыс та жау болып тиіп, елді ұран қылып әлсіретіп кетті. Мұның артынан Тәуке ұлысымен (1717-нші жыл) қазақ ішінен бөлініп, өзді-өзді жауласа бастады. Қазақтың осылай болуын күтіп, аңдып отырған ескі жау жоңғарлар қазақты мүлде шауып алуға қамданып, жоңғардың, ол кездегі ханы Цебан Рабдан, не бар әскерін Ертіс бойынан қазақ жақ шегіне жиып, 1723-нші жылы өзімен-өзі болып, қамсыз жатқан қазаққа көп әскерімен келіп соғысып, Ташкентті алып, қазақты быт-шыт қылып тоздырып жіберді. Қазақтың осы күнге шейін ұмытпайтын «Ақтабан шұбырындысы» сол 1723-нші жылы қырғында болған. Қазақтың ескі өлеңі:

Қаратаудың басынан көш келеді,  
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.  
Қарындастан айырылған жаман екен,  
Қара көзден мөлдіреп жас келеді...

Ақтабан шұбырынды болғанда қазақтың, ескі дәуірін жоқтап айтқан өлеңі – Ақтабан шұбырындыдан кейін Ұлы жүз қозғала алмай, жоңғарларға бағынып қалған. Орта жүз бен Кіші жүз жоңғардан қашып, теріс тұс, күнбатысқа қарай ұмтылған. Алдынан қарсы шыққан башқұртпен соғысып, оны Оралдан асыра қуған, Жемге жеткенде сол Жем бойындағы қалмақтар қарсы көтеріліп, қазақ қалмақты да соғысып жеңіп, оны Жайыққа қуып тыққан. Мұнан кейін Орта жүз бен Кіші жүз Есіл, Нұра, Тобыл, Ор, Жайық өзендерінің бойынан қоныс алып тұрақтаған. Бұл уақытта қазақ шапқыншылықтан құтыла алған жоқ. Башқұрт пен қалмақ қазақтан жерін қайтарып аламын деп шабуыл жасап, мазалай берген. Мұның үстіне Орта жүздің ханы Сәмеке мен Кіші жүздің ханы Әбілқайыр жауласқан. Жан жағы тұйық жау, оған қарсы тұрып, соғысып, қорғандық орнына бірімен-бірі бақталас хандар өзді-өзі жанжалдасып, елдің берекесін қашырған. Бірте-бірте халық арасында хандардың қадірі кеміп, елдің өз ішінен шыққан билердің беделі арта бастаған.

Әбілқайыр секілді дәреже кұмай, хандар орнына хан болып тұра беруіне ел көнбейтін болған соң, орыс үкіметімен сөйлесіп қазақты, өзіне қараған Кіші жүзді орысқа қаратып, хан болған (1730-32-нші жылдар). Мұның артынан көп ұзамай (1734 жылдар) Орта жүз хандары да орысқа қараған. Бұл кез орыс патшалығының капитал дәуіріне кірісіп, жиһангершілік саясатын күшейтіп тұрған кезі еді. Қазақ хандарының орыс патшалығымен келісіп, қазақты орысқа бағындырып хан болуы орыстың сол жиһангершілік саясатына дәл келді.

Қазақ халқы ханын құрметтеп, оның соңынан еруі, ханның мінезі елдің салтына үйлескеннен еді. Қазақ мал баққан көшпелі ел болған соң, оның салт-санасы мал бағу кәсібінелайық, дәл ескі түріктердің салт-санасы секілді болған. Қазақта сол ескі түріктер секілді аса жауынгер болған. Жауынгер ел соғыста қайрат көрсеткен батырларды ғана артық көріп, құрметтемейді, бұрынғы Қасым хан, Ақназар, Тәуекел, Жәңгір, Тәуке секілді хандарды қазақ халқы аламан бұқарасы өте жақсы көріп, айтқанын істеген. Бұл

хандардың мінезі, ісі елдің салтымен сәйкес келген. Әбілқайыр, Сәмеке секілді елді жау шауып жатқанда өзара таққа таласқан, хандардың ел ішінде ешбір қадірі қалатын жөні жоқ еді. Сондықтан Әбілқайыр секілді хандар, өздерінің елге жексұрын екенін білген соң, бақты (хандықты) елден іздемей, сырттан, орыс үкіметінен іздеген, елді сыртынан сатып, елден биліксіз хан болған. Бұрын өз еркі өзінде, күні кеше Әз Тәукенің заманында билері жыл сайын бас қосып, «Күлтегіннің басында күнде кеңес» жасап, өз тағдырын өздері шешіп үйренген ел хандардың сыртынан орысқа сатып жіберуіне көніп, орыс үкіметі сайлаған хандарға бағынуы мүмкін емес еді.

Сондықтан ол уақытта қазақтың хандары орысқа бағынғанымен, ел орысқа бағынған жоқ. Хандарға, орысқа қарсы көтерілді. Кіші жүзден Сырым батыр, Есет батыр секілді елге патшалық қылған азаматтар шықты. Орта жүзден Кеңесары-Наурызбай шықты. Бірақ шенге, шекпенге сатылған хандар түрлі айла-сұмдықпен елдің берекесін алып, бұқара түгел басын қосып, қайрат қыла алмай тоз болды және бұрын қазақпен жауласып жүрген қазақтың күншығыс жағындағы көршілес жоңғарлар Қытайға бағынатын болған соң, қазақ күнбатыс орыс, күншығыс Қытай - екі жағында екі үлкен патшалықтың қамауында, барар жері, басар тауы болмай қалды. Сөйтсе де қазақ мүлде қозғалмай қарап қалған жоқ. Орта жүз бен Кіші жүздің хандары орысқа сатылғанымен, елі оларға бағынбай, Ұлы жүздің ханы Әбілмәмет жоңғармен соғысуға әскер шығарған соған барып қосылды. Мұнан кейін біраз уақыт Абылайды хан көтеріп, соның соңынан ерді.

Кеңесары, Наурызбай, Есет, Сырым әр қайсысы әр жерде болып, жалпы қазақтың басын қоса алмаған соң істері берекелі болмаған. Амалсыз Арқадағы ел орысқа қарап қалған. Ол кездегі Сыр елі Қоқанға бағынған. Ұлы жүзбен қырғыздар шектес Қытайға қосып кетуге ыңғайланған. Сөйтіп, қазақ баласы бұрынғыдай өз алдына ел болмақ түгіл әрқайсысы әр патшалыққа тозып кете жаздады. Осыдан шошынып және Кеңесары, Сырымдардың тәжірибесінен жалпақ далада жайылып жатқан қазақтың баласын бір жерге жиып, әскер түзеп, іс қылуға болмайтынын түсініп, Сырдағы Досбол би Арқадағы қазақтың хандарына, билеріне хат жазып, бұларды Сырға шақырған. Досболдың есебі, қазақ өз алдына ел бола алмағанымен, әр патшалыққа тозып кетпей, қайда болса да бір жерде болуы еді. Бұған Арқаның орысқа бағынған хандары түсінбей, Досболдың сөзін аяқсыз қалдырды. Бірақ онымен Досболдың тілегі болмай қалған жоқ. Көп ұзамай Сыр елі де орысқа қарады, қазақ қытайдан өз алдына ел бола алмағанымен тозбай түгелімен бәрі бір патшалыққа қарады. Қазақ бытырамай түгел бір жерде болса түбінде өз алдына ел болмасқа мүмкін емес. Арқаның қазағын Сырға шақырған Досбол соны біліп шақырып еді. Досбол болашақты сәуегейлікпен емес, қырағылықпен болжаған.

**(1923 жылдың Қазақ календары. Орынбор, 1922. 80-91-бб).  
(СОҢЫ)**



# Арманда кеткен актер

Халықтың жүрегінде керемет із қалдырған өнер адамдары аз емес. Сол шоғырдың ішінде актер Әнуар Боранбаев та бар. Әнуар дегенде алдымен есімізге “Гауһартас” фильмі түсетіні сөзсіз. Жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Дулат Исабековтің шығармасының желісі бойынша түсірілген бұл фильмде Әнуар Боранбаев жарының ішкі әлемі мен жағдайына үңіле бермейтін о жар күйеудің рөлін сомдаған. Кино өнері саласында құйрықты жұлдыздай соңынан із қалдырып, жарқырап өткен актердің Қостанай облысында туғанын кейінгі жастар біле ме екен?...

Әнуар Боранбаев 1.3.1948 жылы Қостанай облысы Аманкелді ауданында туған, 14.12.1999 жылы Алматы қаласында дүниеден озды. Көзкөргендер Әнуар Боранбаевты кескін-келбеті келіскен, керемет актер дейді. Маңдайына жазған тағдыры шығар, мүге—дектікке ерте іліккен екен. Балдақ құшып жүрсе де, ағаш аяғымен саннасын тастамаған. Бұл да болса талант иесінің өнерге деген құштарлығы, адалдығы болса керек.

Актер өмірінің соңғы жылдарында Т.Жүргенов атындағы өнер академиясына сахна тілінен сабақ беруге шақырылыпты. Бірақ, актердың таңдауы — театр.

Көпшілік Әнуар Боранбаевты арманда кеткен актер деп те айтады. Ол бүкіл саналы ғұмырында Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев сияқты алаштың ардақты азаматтарын сомдауды армандал өтіпті. “Мағжанға ұқсайтын және оның өлендерін жатқа айтқан кезде Әнуардың өнерге деген құштарлығы, ішкі мәдени терең мазмұны мен мұнда, жарқырап кететін”, деседі замандастары.

Әнуар Боранбаев отыз жыл ішінде алпыстан астам көркем бейне сомдап, өзінің бітім—болмысындағы ой тереңдігімен, рухани мол зердесімен ерекшелене білген. М.Әуезовтің “Төлеген Тоқтаровында” А.Жадаев, “Қаракөзінде” Сырым, “Қобыландысында” Бірсымбай, “Қилы заманында” прокурор, Шекспирдің “Ричард III” —інде сэр Уильям Кэтсби, Ж. Мольердің “Ақымақ болған басым—айында” Соманвиль мырза, Ғ. Мүсіреповтің “Болашаққа аманатында” полковник, Ш. Айтматовтың “Ақ кемесінде” Момынәлі шал, Қ. Мұхамеджановтың “Біз періште емеспізінде” Ж. Сабырбаев, Ә. Кекілбаевтың “Абылай ханында” Тұрсынбай, сонымен қатар басқа да спектакльдердегі ойнаған рөлдері



көрерменнің жадында мәңгіге жатталып қалды.

“Қазақфильмнің” ондаған туындысында басты рөлдерде ойнаған актер Қырғызстан мен Ресейдің экрандарына да шығып, қалың көпшілікке сезімталдығымен, сыршылдығымен, көрікті келбеті әрі кәсіби шеберлігімен танымал болды. Қазіргі уақытта Аманкелді ауданының орталығындағы өзі оқыған мектепке есімі беріліп, ауласына ескерткіші орнатылған. Аталған білім ошағында мұражайы жабдықталыпты. Арқалық қаласындағы кинотеатр ақтангер актер есімін еншілеген.

Ақтангер актер ойнаған «Гауһартас» фильмі 1975 жылы жарыққа шықты. Бүкілодақтық тұсау кесері 1977 жылдың маусым айында Мәскеу қаласында өтті. «Гауһартас» киносы танымалдылығы жағынан Кеңес Одағы бойынша «Қыз Жібек» фильмінен кейінгі екінші орында болған.

Суретте: актер Әнуар Боранбаев.

# Үздік ұйымдастырушы

Аты-жөні: Ботагөз Алияжол.  
Мамандығы: Аграрлық-биологиялық факультеті, 5В072700 - Азық-түлік өнімдерінің технологиясы мамандығы.  
Күresi: 2 курс, 14-600-41 топ.

Хоббиі: Шет тілдерімен қызығушылық, соның ішінде ағылшын және француз тілдері. Ғылыми Жұмыстар мен ғылыми аспаптарды жан-жақты зерттеу. Пікір-сөйлеу ойнау, басқа студенттер мен оқытушыларды пікір-сөйлеу негіздеріне үйретіп, тренингтер өткізу.

Өзінкі кітабы: Ғадим Мүсіреповтың 1974 жылы тарихи ел шежіресінің негізінде жазған романдарының бірі - «Алпан»

Арманы: Еліміздің біреге азаматтарының қатарына қоғамып, мемлекетімізге өз пайдасын тигізу. Болашақ азық-түлік өнімдерінің технология ретінде талдаушы ғылыми саласына көптеген жаңалықтар енгізу. Ата-анаеы мен ееліп артатын жан-дардың өкілі өлімін ақтау.

Үлгі тұтар тұлғаеы: ата-анаеы.

Өмірлік ұстанымы: Біреге сол ұшын созу - өзіңе көмектееу. Өзің үшін маңызды нәрселерді тепе-теңдікте ұстауға тырысатын. Не нәрсені де, асауи қрлызден, ерекше иетпен атыаруға тырысу керек. Жүрекеіз іетелген Жұмыстың нәтижеі желіеті болмайды.

Жетістіктері: 2015 жылы 19 қазанда Астана қалаеында «ЗНАТ» ғылыми әдістемелік орталығы ұйымдастырған «О республикалық «Ғылым шарайнаеы» атты студенттердің ғылыми Жұмыстар сайеыында «Жас ұлткер» номинацияеы бойынша 3-орынға ие болды.

2015 жылы 21 қазанда Ресей Федерацияеының Липецк қалаеында болған 33 жастар араеыындағы халықаралық ғылыми Жұмые дайыауына қатысуды.

Университет қабырғасындағы «Ахмет Ұрпақтары» пікір-сөйлеу клубы, қазақ лигаеының 2015-2016 жылдардағы координаторы.

2014-2015 оқу жылы «Ахмет Ұрпақтары» ЗНҚ жыл қорытындыеы бойынша «Жыл дебюті» атанды.

2016 жылы 22-24 қаңтарда ұйым-




дастырылған «Қазақстан Республикаеының Мәделіздігіне 25 жыл» атты А.Байтұрғынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің дәстүрлі «ЖМҰ ОНР - 10» халықаралық пікір-сөйлеу турнирін өткізуге аталыеып, «Үздік ұйымдастырушы» номинацияеымен марапатталды.

Материалды дайындаған  
Ботагөз ИЛИЯСОВА,  
ГӨФ журналистика мамандығының  
3-курс студенті.



## Шәкіртсіз ұстаз - тұл

*Бұл ғаламда ұстаза бас иіп, тағзым жасамайтын пенде кемде-кем шығар. Ұстаз десе біздің көз алдымызға самай шашы ағарған, парасаттылығы бет бейнесінен көрініп тұратын, мұғалімдік дарыны өз алдына, адамгершілік қасиеті жоғары тұлға елестейді. Отбасындағы тәрбиешің, тәлімгерің ата-анаң болса, мектеп пен оқу орнында ұстаз болып саналады. «Ұстаз – ұлы тұлға» деп дана халқымыз бекер айтпаған. Міне, сондай жандардың бірі – Қостанай мемлекеттің педагогикалық институтында оқытушы болып қызмет жасайтын тарих ғылымдарының кандидаты Исенов Өтеген Ихсанұлы.*



Бұл кісі 1959 жылы Ақтөбе облысы Алға ауданының Бесқоспа деген жерінде дүниеге келген. Сол ауылда бастауыш сыныпқа барып, 1967 жылы көрші ауылдағы мектеп интернатында білім алған. Он жылдықты Бестамасқ станциясындағы мектепте бітірген. Мектеп бітірісімен шопан болды. Комсомол жастары бригадасында Мәскеу орталығының «Қазақстандағы қой шаруашылығын дамыта отырып көбейту, қой басын миллионға дейін жеткізу керек» деген бастамасына өз үлесін қосты. Жетпіс тоғыздын мамыр айында Кеңес әскерінің қатарына алынып, Мәскеу әскери округінің Горький деген әскери қалашығында екі жыл Отан алдындағы борышын өтеп, екі жыл әскерде құрылысшы болды. Атырау облысындағы педагогикалық институтында тарих-филология факультетіне құжат тапсырып, оқуға түседі. Сонда жүріп тарих және құқық мамандығын игеріп шықты.

Өтеген Исенов 2014 жылдың қорытындысы бойынша «Жоғарғы оқу орнының үздік

оқытушысы»- деген атаққа ие болды. Құрметті атақты алуы ұзақ жылғы еңбегінің арқасы деп біледі. «Шәкіртсіз ұстаз – тұл»-деп халқымыз айтқандай, Өтеген ағай халқымыздың рухани қазынасы тарих саласының ұмыт бола бастаған нұсқаларын зерттеуге шәкірттерін тартып, олардың ғылыми зерттеу-жұмыстарына жетекшілік жасауда. Жетектеген шәкірттері бүгінде еліміздің түкпір-түкпірінде қызмет жасап жүр. Өтеген ағай қазақ хандығының 550 жылдығына

арнайы ғылыми конференция өткізді. «Мәңгілік Ел» болуды мұрат тұтқан батыр бабалар» атты тарихи деректер мен зерттеу жинақ шығарды. Бұл жинағын хандықтың 550 жылдығына арнап отыр. Конференция Жітіқара қаласында өтті. Әлихан Бөкейхановтың 150 жылдығы ЮНЕСКО көлемінде аталып өткелі жатыр. Бұл туралы мақалалар жариялады. Алдағы уақытта 1916 жылғы Ұлт азаттық көтерілісінің 100 жылдығына орай республикалық конференция ұйымдастырмақшы. Бұған қоса елдегі және алыс-жақын шетелдердегі газет-журналдарға 200-ге жуық мақаласы басылды. Алда талай жоспарды жүзеге асырмақшы. Ол уақыттың еншісінде қалдырып отыр.

**Сералы МЫРЗАБАЙ,**  
**ГӘФ журналистика мамандығының**  
**2-курс студенті.**  
**Суретте: ҚМПИ оқытушы**  
**Өтеген Исенов.**

## Студент кино түсірді

Қостанай қаласындағы Достық үйінде “Кәусарым” қысқаметражды фильмнің ресми тұсаукесері өтті. Ресми дейтініміз, бұл фильм осыдан біраз уақыт бұрын интернет желісі арқылы тараған еді. Қостанай облысы құрылғанының 80 жылдығына орай ұйымдастырылған “Кәусарымның” таныстырылымына жергілікті билік өкілдері мен облысқа танымал тұлғалар қатысты. Кинотуындының режиссері Жәнібек Кәкімжан да осы кеште болды. Жас режиссер өзінің осы кештен алған әсерімен бөліскен болатын.



**- Сәлеметсізбе, Жәнібек! “Кәусарымның” премьерасы болды. Фильмнің тұсаукесері қалай өтті? Көңіліңізден шықты ма?**

- Әрине, көңілімнен шықты. Себебі, фильмнің тұсаукесеріне көптеген белгілі азаматтар қатысты. Фильмдегі басты рөлдерді сомдаған актерлар, фильмнің бас продюсері Манап Кәрбозов, сценарий авторы Салтанат Шаймағанбетова, ақын Ақылбек Шаяхмет те осы кешке қатысты. Мен үшін осының өзі үлкен мәртебе. Өз қолыңмен жасаған еңбегің сіңген өнер туындысына халық елеңдеп, көңіл бөліп жатса қуаныш емес пе.

**- Фильмді түсіруге қанша уақыт кетті? Қанша қаражат жұмсалды?**

- Фильмді жиырма шақты күнде түсіріп шықтық, яғни, қаңтар айының 5-і мен 25-і аралығында. Фильмге ешқандай қаражат жұмсалған жоқ. Өйткені, бұл маркетинг үшін түсірілген фильм емес. Бұл менің студенттік жұмысым. Мен өзім Алматы қаласындағы Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында оқимын. “Кино және телевидение” мамандығының 5 курс студентімін.

**- Фильмнің қысқаша сюжетін айтып бересіз бе?**

- Бұл фильмде қазіргі жастардың өмірі суреттеледі. Қазіргі заманда жастар ғаламтордан бас алмайды. Ұялы телефонға шұқшып, кітапты жапты. Мұндай құбылыс бір өңірге не болмаса бір елге ғана тән емес. Барлық әлем халқын алаңдатып отырған жағдай. Әлеуметтік желілерде көп отыратын жастарға сабақ болсын деген оймен осы фильмді түсірдік. Әсіресе, ауыл жастарының өмірін қаланың баласына көрсетуді мақсат тұттық. Фильмнің толық нұсқасы ютуб видео

хостингінде орналасқан. Интернет арқылы кез келген адам көре алады. Жуырда облыстық «Қазақстан-Қостанай» телеарнасынан да көрсетілді.

**- Көрермендер қалай қабылдады? Әлеуметтік желілерде өзінің пікірін білдірген оқырмандар бар болды ма?**

- Көрермендер бұл фильмді жақсы қабылдады десек болады. Себебі, бәрі жылы лебіздерін білдіріп, «өте жақсы» деген баға берді. Әлеуметтік желілердің қолданушылары айтарлықтай сын айтқан жоқ. Керісінше, көңілдерінен шыққанын айтып, құттықтады. Сонымен қатар, облысқа танымал азаматтар өздерінің сындарын айтты. Облыстық ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Қалмақов аталған басқарманың алғыс хатын табыс етті. Фильмнің тұсаукесеріне келген І.Омаров атындағы облыстық қазақ драма театрының артисті Қонысбек Беғайдаров та өз ойымен бөлісті. Алдымыздағы аға буынның пікірлерін естіп қатты қуандым.

**- Түсірілім кезіне қандай қиындықтар кездесті?**

- Техникалық қателіктердің көп кеткенін білемін. Себебі, мен киноны жалғыз камерамен түсірдім және менде қран, слайдэр, штатив сияқты техникалық құралдар болмады.

**- Елімізге белгілі режиссер Рүстем Әбдірашевтың “Қазақ елі” фильмнің түсіріліміне қатыстыңыз. Түсірілім барысында кәсіби тұрғыда тәжірибе жинадыңыз ба?**

- Былтыр, 4 курсты бітірген соң сәуір айында академияда Қазақ хандығы проекциясына жұмысқа тұрдым. Рүстем Әбдірашевтың асистенті болып жұмыс істедім. Жұмыс барысында көп нәрсені үйрендім. Ол кісінің актерлармен жұмысы істеуі, фильмге деген көзқарасы, бәрі-бәрі басқаша. Ұсақ-түйекке дейін қатты көңіл бөледі.

Сонымен қатар, Қазақстанға танымал актерлармен таныстым. Досқан Жолжақсынов, Еркебұлан Дайыров, Қайрат Кемалов сияқты ағаларымызбен жақын араласып, жаңа достар таптым.

**- Алда қандай жоспарларыңыз бар?**

- Алда не күтіп тұрғанын бір Алла біледі. Өз мамандығыңды сүймесең биікке жетуің неғайбыл. Сондықтан көпшіліктің айтқан сындарынан қорытынды шығарып, сапалы кино түсіруге бар үлесімді қосамын.


**Сұхбаттасқан Перизат ОҢАЙБЕК,**  
**ГӘФ журналистика мамандығының**  
**1-курс студенті**

**Суретте: жас режиссер Жәнібек Кәкімжан.**



## Әріптес әлемі

Еңбек жолын енді ғана бастаған жастар алдыңғы толқын ағаларына қарап есейетіні анық. Соңынан ерген шәкірттеріне бағыт-бағдар көрсетіп, темір-қазықтай жарқырай білген жандардың бірі философия кафедрасының аға оқытушысы, доцент Әміртай Досаев болатын. Бімізге әріптес, енді бірімізге ұстаз бола білген ардақты азамат туралы ақжарма сыр айту артық болмайтын секілді. Себебі ұлағатты ұстаздың өмірдегі және қызметтегі адалдығы кейінгі буынға үлгі, өнеге.



Әміртай Досаев - білікті маман, білімді ұстаз, сыйлы әріптес, сенімді дос бола білді. Өз ортасында ойып тұрып орын алған азаматтың жоқтығы бүгінде ерекше сезіледі. Оның өмірден өткеніне 2016 жылдың 5 мамырында 82 жыл болады. Қайран уақыт, десеңізші.

Әміртай Сапарғалиұлы 1957 жылы Қостанай педагогикалық институтының тарих-филология факультетін бітірген. Кеңестік комсомол, партия ұйымдарында жұмыс істеді. 1960 жылдары Қостанай педагогикалық институтында қызмет істеп, педагог, ұйымдастырушы ретінде мол табысқа жетті. Оқу орнында оқытушы, тарих кафедрасының доценті, декан лауазымдарын жауапкершілікпен атқарды. Қазақ филологиясы кафедрасының доценті, жары Күлжамал Жақыповамен бірге тарих-филология факультетінің және жоғары оқу орнының тарихында өшпес із қалдырды. Сол уақыттары Қостанай облысының аумағында Ә.Досаевтың есімі кең таралып, тұрғындар арасында танымалдыққа ие болды. 1970 жылдары декан қызметін атқарған Ә.Досаев тарих факультетінің студенттері үшін үлгілі азамат еді. Кеңес үкіметі кезінде барлық жұмыс кафедра арқылы емес, факультеттің басшысы және деканның өзінің қатысуымен жүзеге асатын.

Кез келген жоғары оқу орнының оқыту, ғылыми және қоғамдық жұмыстары студент жастармен байланысты. Педагог үшін студент жастарды тәрбиелеу, білім беру үлкен жауапкершілік. Сондықтан декан қызметіндегі азамат студенттер мен педагогтарға үлгі бола білуі керек. Бұл тұрғыда Әміртай Сапарғалиұлы зор табысқа жеткен болатын. Ә.Досаев басқарған тарих факультеті

жоғары оқу орнында белді де белгілі факультеттердің бірі болып қалыптасты. Қазіргі заңгер немесе экономистке қарағанда тарих мамандығының мәртебесі жоғары, сұранысқа ие еді. Сол кезде білім алған тарихшылардың арасынан бүгінгі облысқа келгілі басшылар мен құқық қорғау органдарының қызметкерлері шықты.

Студенттердің әрқайсысын назардан

тыс қалдырмай, олардың қажеттіліктері мен мәселелерін білуі және оларға көмектесуге дайын тұруы сол кездегі декандардың басты ерекшелігі болатын. Декан әр студенттің отбасылық жағдайын, қызығушылығын, ұстанымын және әлсіз тұстарын да білетін. Осындай артықшылығының арқасында Ә.Досаев студенттер арасында сыйлы болды.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейінгі он жылда Әміртай Сапарғалиұлы философия кафедрасының доценті болып жұмыс істеді. Денсаулығы нашарлап, жасы егде тартқанына қарамастан соңынан ерген жас оқытушыларға бағыт-бағдар берді. Оның жұмысқа кешігіп келген күні болған емес, оқуға уақытылы келетін. Өз ісіне деген адалдығы, қызметіне деген жауаптылығы көптің есінде қалды. Осындай қасиеттері Ә.Досаевты өзгелерден ерекшелеп тұратын. Үзеңгілес достары мен әріптестері арасында өзілге жақын азамат ретінде есте қалды. Ол өмірде болған қызықты оқиғаларды тыңдаушысына әдемі өзілмен жеткізетін. Жас мамандар айналасын қаумалап көпті көрген оқытушыдан ақыл-кеңес алуға асық тұратын.

Ә.Досаевтан білім алған шәкірттері Қазақстанның, Қостанай облысының әр аймағында еңбек етуде. Олар ұлағатты ұстаздарын ерқашан еске алып отырады. Артынан ерген ұрпақтың айтқан жылы лебіздері мен жан тебіренер естеліктері біздің ұстазымыз әрі әріптесіміз Ә.Досаевқа қойылған мәңгілік ескерткіш секілді. Міне, өмірдегі өшпес із дегеннің өзі осы емес пе!

**С.ҚОЛДЫБАЕВ,**  
**Философия кафедрасының меңгерушісі,**  
**философия ғылымдарының докторы,**  
**профессор.**

Социологиялық зерттеу көрсеткендей, жастар дәстүрлі емес діни ұйымдардың қызметі мен ғибадаттар туралы аз ақпараттанған, бұл олардың тоталитарлық және деструктивті діни ұйымдар мен ғибадаттарға кіру қаупін тудырады, әсіресе жас адамдардың сыни ойлау деңгейінің төмен болуы мұндай қауіптің артуына ықпал етіп отыр. Жастардың 60%-70% харизмалық бағыттағы жаңа діни ұйымдар туралы мүлдем естімеген болса, сауалға қатысқандардың 18,1%-23,7% белгілі бір жаңа діни ұйым туралы ақпараттанғандығы жайлы сұраққа жауап беруге қиналғанын білдірді. Әсіресе, жастардың сыни ойлау деңгейінің төмендігін келтірілген мына мәліметтер айғақтайды: «Діни ұйымға кіруге шешім қабылдаған сәтте Сіз қандай ақпарат деректеріне сүйендіңіз?» деген сұраққа респонденттердің 30,2% белгілі бір ұйымның әдебиетімен таныстым деп жауап берді; 19,0%-өз таныстарының айтқандары бойынша шешім қабылдаса, 30,2% - белгілі бір діни ұйымның мүшелерінің айтқандарына сүйенген, 11,1% жауап беруге қиналған. Ақпаратты 7,9% БАҚ арқылы алғанын көрсетсе, ал «ешқайсынан емес» деп 1,6% жауап берген.

Тәжірибеде көрсеткендей, белгілі бір діни ұйым туралы айтқандардың, олардың іс-шараларына қатысуға шақырған «таныстардың» өздері сол діни ұйымдардың мүшелері болған. Бұл зерттеудің Қазақстанда 2010-2012 жылдары арасындағы әртүрлі діни ілімдерді жамылған террористік әрекеттер болғанға дейін жүргізілген. Кейінгі өзгерістердің бұл зерттеулерге ерекше әсері болар еді деп ойлаймыз.

Бұл өз алдында жобаны құрастырушылардан пайымдауын нақты айғықтайды: жаңа діни ұйымдар мүшелерінің белсенді қызметі жастарды өздеріне қаратудың негізгі факторларының бірі екені анық.

Осындай маңызды ұсыныстарды әрбір мектепте, колледжде, жоғарғы оқу орнында жүйелі түрде жоспарлап өткізіп отыру қажет. Мұндай жұмыстарды ат-қару бір мектептің немесе ЖОО-ның қолынан келмейді. Осы жұмыстардың бар-лығында жергілікті аудандық, қалалық, облыстық әкімдіктер мен мәслихаттар, ата-аналар комитеттері, қоғамдық ұйымдар бірлесіп отырып жүйелі және жоспарлы түрде жүзеге асыруы қажет. Ол үшін бұқаралық ақпарат құралдарын, радионы, мемлекеттік саясатты қолдайтын діни ұйымдардың, беделді ақсақалдар мен азаматтардың, ғалымдардың, лекторлардың жұмысын ұтымды ұйымдастыра білу тиімді. Мысалы, осындай жұмыстар А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде дұрыс жолға қойылған. А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеттің барлық факультеттерінде «Дінтану және діни қауіпсіздігі негіздері» пәні оқытылады. Бұл пәнді оқытуда философия кафедрасының оқытушылары қызмет етеді. А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-де «Этникааралық және конфессияаралық келісім мәселелерін зерттеулер орталығы» ашылып қызмет етуде. Пәнге 2 кредит сағат беріліп студенттер емтихан тапсыруда.

Ата-бабаларымыз ұстанған асыл дініміз Исламды жас ұрпақтың санасына ізгі-ліктің дәнін сеуіп, жеткіншектерді атаның баласы емес, адамның баласы болуға баулу айрықша маңызға ие. Жас ұрпақты жақсылыққа асық, жамандықтан қашық болуға үндеудің тамаша үлгісі және дәстүрімен тәрбиелейтін құндылықтардың өмірімізден алшақтай бастады.

Бүгінгі жастар имандылыққа жол сілтейтін және олардың жоғалған жан сұлуы мен әдемі әдептерін қайта қалыптастыратын бағыт-бағдарға өте-өте мұқтаж.

Ислам үнемі ойлануды, пікір қорытуды, ілім іздеуді бұйырады. Мынадай бір қанатты сөз бар: «Мүміннің бірінші міндеті - білім іздеу. Қандай қайнар көзден тапса да, оған иелік жасауы керек». Қасиетті Құранның 719 жерінде Алла Тағала білім жетілдірудің артықшылығы жөнінде айтқан. Дәл осы тұста мен Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының: «Еліміздің және жастардың ең басты байлығы – сапалы білім», - деген даналық сөзі бар.

Осы мәселеге жастарды тәрбиелеу тұрғысынан келгенде, Исламда алынған білім діннің қағидаларына, ұстанымдарына, негізгі ережелеріне қайшы келетін болса, онда ол адам өміріне пайдалы болмайды. Жастар - біздің жарқын болашағымыз. Оларға жіті көңіл болу, тәрбиелеу - дін жетекшілері мен елбасшылары алдындағы негізгі мәселелердің бірі. Олардың болашағы осыған байланысты. Сондықтан бұл саладан қаражат аяп қалуға болмайды. Жастарымыздың сан ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрін ұдайы жадшылар сақтап, оны құрмет тұтып қадірлеуі, өз тума-туыстары мен отандастарына ілтипат көрсетуі үшін кез келген қоғамда нағыз шынайы құндылықтар бі-рінші орында тұруға тиіс.

Қазақстанда халықаралық, дінаралық келісім, өзара татулық пен сыйластық ежелден қалыптасқан үрдіс. Аллаға сансыз шүкір, бұл Құдай Тағаланың Қазақстан халқына нәсіп еткен ұлы сыйы, нығметі, әрі біздің ата-бабамыздан қалған құнды мұра. Осындай үлкен қазынаның қадіріне жетіп, оны сақтап, молайту - перзенттік борышымыз.

Соңғы жылдары отандастарымыздың, әсіресе, жастардың рухани дамуына кері әсері бар әртүрлі жағдайларды байқаймыз. Діни тәрбие адам бойында ар-намыс, Отанға деген сүйіспеншілік, т.б. сезімдерін оятады. Дін адамды төзімділікке, алып -қашпа, бөтен ойларға кендікпен қарауға үйретеді. Осындай жағдайға кейбір жастардың шала сауаттылығының нәтижесінде басқа радикалды діни ағымдардың шылауына түсіп кетіп бара жатқандығын да байқаймыз. Соған сәйкес әртүрлі қылмыс, экстремизм, төзімсіздік, дінаралық, ұлтаралық алауыздық пен текетірес секілді көріністер табылуы ықтимал. Осындай құбылыстардың болуын қалайтын, елдегі ахуалдың тұрақсыздануы үшін қолынан келгенін аямайтын күштердің де бар екі жа-сырын емес.

Бүгінгі таңда елімізде орын алып отырған діни мәселелердің ахуалды екендігі бәрімізге белгілі. Сараптама мәліметтері теріс ағымдардың ықпалына түскендердің басым көпшілігі 18-25 жас аралығындағы жастар (студенттер) екенін дәлелдейді. Тіпті, кейінгі жылдары қоғамға теріс діни ағымдар деген атауға ие болған «Жаңа өмір» («Новая жизнь»), «Ехоба куәгерлері» («Свидетели Иеговы»), «Рақым» («Благодать»), «7-ші күн адвентистер шіркеуі» («Адвентисты 7-дня»), Тәкфир секілді ұйымдарға жастардың, оның ішінде қазақ жастарының көбірек тартылуы ойлантатын мәселе. Сондай-ақ, «салафизм» деген дінауын жамылып жүрген «ваххабизм» ағымды жастарды дәстүрлі ислам жолынан ауытқуға, ислам дінін «терроризм, экстремизм» ұғымымен байланыстыруға тырысып бағуда.



## Жастар мен студенттердің ислам діні туралы білімдерінің төмен болуы олардың радикалдық ағылдарға тартылуының негізі



**А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ жанындағы Этикааралық және конфессияаралық келісім мәселелерін зерттеу орталығының директоры, т.ғ.к. Ж. Шаукенов**

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев Жастар саясатын жүзеге асыруға әрқашан да ерекше назар аударып келеді. Мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру еліміздің дамуының басым бағыты болып келген және бола береді. Қоғам мен мемлекет үнемі даму үстінде болса, жастардың талап-талғамы, ой-өрісі бұдан жоғары дәрежеде дамитындығы бәрімізге белгілі. Бүгінгі жастар бұдан 15 немесе 20 жыл бұрынғы жастардан мүлде бөлек. Сондықтан да қоғам мен мемлекет жастардың мүдделерін үнемі ескеріп қана қоймай, заманның жаңа талаптары тұрғысынан оларды құқықтық, ұйымдастырушылық реттеулер арқылы шешіп отыру тиіс.

Президентіміз Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Халқы Ассамблеясының XX сес-сиясында «Қазақстан - жас ел, әрбір екінші қазақстандықтың жасы 30-ға әлі жеткен жоқ дей келе, сіздерден зор үміттер күтемін, менің жас отандастарым!» деп көрсетті. Мемлекет басшысы осы сөзінде жастар саясатын жүзеге асырудың ке-шенді бағыттарын ұсынды.

Жастар саясатын қалыптастыра отырып, мемлекет жастардың келешекте маңызды салмаққа ие болар халықтың бірден-бір белсенді тобы екендігін ескереді. Мемлекет меншік нысанына қарамастан, ұйымдар мен кәсіпорындардың жас ма-мандарды жұмысқа алуы мен жұмыс орындарын өсіруге мүдделілігін арттыруға; оларды қайта дайындау мен өндірістік оқу тәжірибесінен өткізуге; елдің әлеу-меттік-экономикалық дамуы басымдықтарын ескере отырып, жастарға кәсіби тұрғыдан бағдар беретін мемлекеттік жүйені дамытуға қосымша ынталандыруды пайдаланып келеді.

Жастардың жеке тұлға ретінде қалыптасу басымдығы олардың шағын және орта бизнес саласын белсенді араласуын, жас кәсіпкерлерді, әсіресе, фермерлерді, ауылшаруашылық өнімдерін өндірушілерді оқыту мен қолдауды көздейді. Қоғам мен мемлекет тарапынан жастардың әлеуметтік жағынан аз қамтамасыз етілген топтарына айрықша көңіл бөлуі талап етіп келеді.

Қазіргі Қазақстанда жастар деп 14 пен 29 арасындағы жас азаматтарды айтады. Болашақта жастардың жас деңгейінің көрсеткіші өсуі мүмкін. Жастар оқушы студент, ауыл жастары, қала жастары, жас мамандар, студент жастар, жас кәсіпкерлер, жұмысшы жастар және т.б. бөлінеді. Жастар әлеуметтік-демография-лық топ ретінде және өзінің әлеуметтік құрамы жағынан біртекті емес.

Жастар кез келген қоғамның болашағы. Сондықтан мемлекет жастар ісіне бейтарап қарай алмайды. Қазақстандағы жастардың жалпы саны 2008 ж. 1 қаң-тарда

4,5 млн-ға жуық адамды құрап отыр, бұл есеп бойынша қазақстандық қоғамның құрылымында жас азаматтар ҚР халқының жалпы санының 27,8%-ын құрайды. ҚР статистика агенттігінің мәліметіне сәйкес жұмыссыздар арасында жастар үлесі (15-24 жас аралығында) 18,5%-ды құрайды. Жастар құрылымында студент жастардың үлесі аз емес. Студент жастар – бұл білім алған соң ертенгі күні экономикалық, әлеуметтік-саяси, мәдени, білім салаларында ұстанымға (позиция) ие болатын жастар тобы, сондықтан ол белгілі бір дәрежеде көптеген тоталитарлық және деструктивті дәстүрлі емес діни ұйымдардың басты нысанасы болады.

«Жастар және Қазақстандағы дәстүрлі емес діндер» атты социологиялық зерттеу жүргізілді. Қазақстанда шоғырланған және таралып жатқан жаңа діни ұйымдарға өздерінің оң көзқарасын респонденттердің 7,9% білдірді; 2,1% дәстүрлі емес діни ұйымдарға кіргенін көрсетті. Респонденттердің 9,5% оларға деген өздерінің неғұрлым қызығушылығын білдірді, егер 20,0% дәстүрлі емес бағыттағы діни ұйымдар туралы еміс-еміс естіген болса, бейтараптылық танытқандардың жалпы саны 29,5% құрайды; 27,5% дәстүрлі емес діндерді адам және қоғам үшін қауіпті деп көрсетсе, сауал бергендердің 28,5% «барлық діндер қауіпті» деген жауап берді; 3,7% жауап беруге қиналса, 0,3% исламнан өзге ешқандай дінді мойындамайтынын білдірді. Біздің көзқарасымыз бойынша, респонденттердің үштен бір бөлігі білдірген дәстүрлі емес діндердің адам және қоғам үшін қауіптілігі туралы пікірі, сондай-ақ «барлық діндер қауіпті» деген жауап Сайентология Шіркеуі мен Кришна Санасының Қоғамы төңірегінде болған аты шулы оқиғалармен және кез келген дінді, соның ішінде дәстүрлі діндер - ислам мен православиеді, түбегейлендіру (радикализация) қауіптілігін түсінумен байланысты.

Жастардың Қазақстан үшін ең тиімді діни жағдайға қатысты, атап айтқанда, «барлық діндер еш шектесіз тең құқыққа ие болуға тиіс пе» және «мемлекет дінаралық төзімсіздікті насихаттайтын ілімдерге тосқауыл қоюға тиіс пе?» деген сауалға қатысты көзқарасы былайша бөлінді: респонденттердің 9,0% Қазақстан жерінде еш шектесіз барлық діндер, дәстүрлі діндермен қатар жаңа діндер де, тең құқыққа ие болуға және толыққанды еркін дамуға тиісті деп санайды; 29,4% - барлық діндер, дәстүрлі діндермен қатар жаңа діндер де, тең құқыққа ие болуға тиіс, бірақ мемлекет зорлықты, дінаралық төзімсіздікті насихаттайтын діни ілімдерге тосқауыл қоюға тиіс; 32,5% - Қазақстанда дәстүрлі діндер – ислам мен христианшылық басты орынға қойылып, дәстүрлі емес діндердің таратылуына жол бермеу керек; Қазақстан тек бір ғана дінді басты орынға қойған ел болуға тиіс – 20,0% (оның ішінде исламды – 96,7%, христианшылықты – 3,3% көрсетті); жауап беруге қиналғандар – 8,4%; неғұрлым қызығушылығын білдіргендер – 0,3%; адамға дін қажет емес деген пікірді 0,3% білдірді.

## Екі ішектің бірін қатты, бірін сәл-сәл кем бұра

Қазақтың әдемі әнімен бірге күйі де бар. Ат үстінде жүріп, көшпелі өмір сүрген ата-бабамыз домбыраның шанағынан күмбірлете күй төккен. Елдің асыл арманың басынан кешкен талай қиын кезеңдерін күй арқылы бүгінгі күнге жеткізген. Қос ішектің бірін тарта, бірін сәл-сәл кем бұрап, сайрай жөнеледі. Қара домбыраның құдіретін көрмейсіз бе!

Қостанай облысында ұлттық музыкалық аспапты құрметтеп, күй өнерін дәріптеп жүрген азаматтар баршылық. Солардың бірі, университетіміздегі «Өнер» студиясының домбыра үйірмесінің жетекшісі Ыбырай Есжанов. Ол Алматы қаласындағы Темірбек Жүргенов атындағы қазақ ұлттық өнер академиясының түлегі.

**Өнер жолына қалай келгеніңіз туралы айтып берсеңіз.**

- Домбыраға деген қызығушылығым бала кезімнен басталды. Мектепте оқып жүргенде анамның сонынан қалмай жүріп музыкалық мектепке барғым келетінін түсіндірдім. Анамның менің өнерге деген құмарлығымды біліп, бетімнен қақпай қолдау білдірді. Музыкалық мектепті аяқтаған соң, Арқалық қаласындағы Нәзіпа Құлжанова атындағы музыкалық колледжде оқуға түстім. Жаңа ортаға бейімделуіме көмектескен бағып-бағдар берген алғашқы ұстазым да есімде. Ол – колледж оқытушысы Бораш Қазбеқұлы болатын. Сол кісінің жасап жатқан жұмысына қарап шәкірт тәрбиеленуге қызықтым. Ұстазыма қарап еліктедім десем артық айтпаған болар едім.

**Колледжден кейінгі өміріңіз қалай жалғасты? Студенттік кездің қызықты оқиғалары да көп болған шығар?**

- Студенттік өмір – кез келген адамның өмірінде ең тәтті кез ретінде есте қалады. Мен үшін де солай. Консерваторияға оқуға түсуімнің өзі қызық болды. Негізі, Астана қаласындағы Ұлттық өнер академиясында оқимын деп іштей дайындалып жүрдім. Жеме жемге келгенде сол кезде Алматыда оқып жүрген досым Мейрамбек «академияға түскенің дұрыс болады» деп тандауымды өзгертіп жіберді. Бір ауыз сөз қайта шешім қабылдауға себепші болды. Осылайша билет алып, Алматыға жол тарттым. Пойыздан түскенімде басқа әлемге тап болғанғай күй кештім. Тыныш, жайбарақат өмірге бой үйреткен адамға Алматының қызу тірлігі осындай әсер қалдырды. Досым үйден оқуға дейінгі жүретін жолымның картасын сызып берді. Солай үлкен қалаға да үйрендім.

**Өнер тастап басқа іспен айналысқыңыз келген сәттер болды ма?**

- Бала кезімде сабағымды да, музыкалық мектептегі берген тапсырмаларды да орындамай, футбол ойнап кететін кездер жиі болды. Сондай сәттері қолыма алғаш рет домбыра ұстатқан ұстазым Бағым Сейітханқызы үйге келіп, сабаққа

өзімен бірге ерітіп алып кететін. Қазір сол күндерді есіме алсам күлкім келеді. Есейе келе өнер өмірлік серігіме айналды.

**Алматыны өнер мен мәдениеттің ордасы деп атайды. Сондай ортаны тастап, Қостанайға келуіңіздің мәнісі неде?**

- Қайда жүрсен де туған жер ыстық. Консерваториядағы оқуымды аяқтаған соң туған жеріме, Арқалық қаласына қайта оралдым. Бірден ұстаздарыммен кездесіп қалғанымда Бораш ағайым «мен сені бекер оқыттым ба? Енді шәкірт тәрбиелейтін кезің келді» деген болатын. Сол сөз ой салды. Өз-өзімді қамшылап, Алматыдағы «Қазақ концертке» жұмысқа орналастым. Кейін жолым түсіп Қостанай қаласына келдім. Қазір алаш арысы А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-дың студенттерін өнерге баулып жүрмін. Облыстық филармонияда қосымша жұмыс істеймін.


**Студенттермен жұмыс істеген қалай екен? Жастардың өнерге, соның ішінде домбыраға деген қызығушылықтары қандай?**

- Университеттің студенттеріне ризамын. Ынтасы жоғары. Күн сайын «аға домбыра шертуді үйретіңізші» деп келетін студенттерді көргенде қатты қуанамын. Осы уақытқа дейін «Қостанай қаласы орыстанып кеткен» деген пікірді достарымнан жиі еститінмін. Шын мәнінде олай емес екен. Тобыл жағасындағы қалада нағыз ұлтжанды азаматтар жетерлік. Студенттермен бірлесе жұмыс істеу қиын емес. Жастармен тез тіп табысып кеттік. Шәкірттеріміздің жеңістерін көргенде марқайып қаламын.

**Өнеріңіз өрге жүзсін!**

**Сұхбаттасқан Жұпар ҚОЖАХМЕТОВА,  
ГӘФ журналистика мамандығының  
3-курс студенті.**

**Суретте: домбырашылар ансамблінің  
жетекшісі Ыбырай Есжанов.**





## Айбек Қалиев: «Шәкіртақы үшін оқудың қажеті жоқ!»

Жастар мәселесі қашанда бірінші кезекте болуы тиіс. Себебі, жастарымыздың жеке тұлға ретінде қалыптасып, белгілі бір мамандықтың иесі атануы өте маңызды.

Қазіргі қоғамда болып жатқан жан түршігерлік оқиғаларды ести отырып оған ешкім бей-жай қарай алмас. Осы орайда университетіміздің студенттері тұңғыш рет Қостанай қаласында қоғамдық дәріс өткізді. Іс-шара облыс орталығындағы Л. Толстой атындағы әмбебап-ғылыми кітапханасында ұйымдастырылды. Негізгі тақырып - жастар саясаты. Тұңғыш рет өткізілген дәрісте айтыскер-ақын Айбек Қалиев сөз сөйледі. Студенттер көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып, оған тұшымды жауап алды.

Айбек ағамыз өзі туралы біраз ақпарат беріп «Жастар белсенді топ болуы керек, әсіресе, қазақ тілді жастар мәселесін көтеретін ұйымдар жоқтың қасы», - деп баса айтты. Сондай-ақ, жастар арасындағы еліктеушіліктің басым болып бара жатқанын тілге тиек етті. «Ғылым мен технологияның жаңалықтарын күнделікті өмірде пайдаланған дұрыс. Бірақ, өкінішке қарай қазіргі таңда қайда барсаңда әлеуметтік желі, ғаламтор дегенге қатты назар аударып кеттік. Кез келген отырысқа барсаң, бәрі телефон шұқылап отырады. Осыны мойындаймыз ба!? Бір үйдің адамдары түптің түбінде WhatsApp арқылы сөйлесіп отыратын шығар. Мен айтты дерсіздер, 5 – 10 жылдан кейін адамдар телефонға тәуелділіктен емделе бастайтын болады. Бұл енді психологиялық жағынан адамдарға әсер етті. Әр жанұяда табиғи байланыс, бір-бірімен сөйлесу жоқ. Осы жаппай ауруға айналып бара жатырма деген ой келеді». Ал, екінші мәселеге айтыскер «Мәселе студенттердің қандай оқу орнында оқығанында емес, сіз мейлі Астанада оқыңыз, Алматы, Қостанайда, Арқалықта бірақ, ең бастысы жүректеріңізде ұлтқа деген, мемлекетімізге деген жанашырлық болсын. Онда сіздер міндетті түрде бір жерден шығасыздар». Студенттердің оқуға деген ынтасы жайында да біраз мәселе қозғалды: «Қазіргі таңда, бәрі бірдей болмаса да, кейбір студенттер степендия алу үшін оқиды. Жасырын емес. Құдайға шүкір степендияларыңызды көтерді. Жылап-өңіреп келеді, бір балл жетпей тұр деп. Ал біліп тұр едім, мына сұрақтың жауабын, бірақ ана мұғалім менің баллымды төмендетіп қойды деп келмейді, степендия ала-алмайтын болдым деп келеді. Бұл жерде мақсат басқаша болып тұр. Сондықтан алдарыңызға мен сол сабақты білсем екен деп мақсат қойыңыздар. Үш алсам степендия ала алмай қалам деген оймен оқымаңыздар. Ол білім болмайды». Осындай көптеген



мәселелерді қозғай келе, 30 минуттық лекцияның аяғына да жеттік.

Айтыскер- ақын Айбек Қалиев «Ең бастысы білімді болсаңыздар деймін, білімді ұрпақ бәрін жеңеді» деп сөзін аяқтады. Одан әрі студенттер тарапынан сұрақтар қойылып лекция сұхбат ретінде өрбіді. Ең алғашқы қойылған сұрақ «Қыз тағдыры, ұлт тағдыры» дегенге қалай қарайсыз?» - болды: «Бүгінгі қыз, ертеңгі ана. Ол дұрыс тәрбие алмаса ертен қандай ана болады. Көріп отыр ғой көзіміз. Қазіргі кездегі тастанды балалар туралы айтамын. Қай ана өзінің құрсағын жарып шыққан баласын лақтырып кетеді. Көрінген жерге тастамай, балалар үйінің жанына апарып қойса қайтпеді. Сосын тағы мынадай мәселе бар, өзге ұлт өкіліне тұрмысқа шығу. Әсіресе, Алматы жағында Қытай ұлтына тұрмысқа шығу көбейіп кетті. Олардың ақшасына қызығуы немесе тағы басқа. Карьера құруға асығады. Ең алдымен бірінші кезекте отбасын құру, бала тәрбиелеу тұруы керек. Сосын барып жұмыс. Немесе екеуін бірге алып жүруге де болады. Болашақта бүкіл ұлтты тәрбиелейтін сіздер. Сондықтан да қарындастарым, осы туралы ойланыңыздар». Бұдан басқа: Мал шаруашылығы туралы, неге сол кәсіпті дамытпасақ, Қазақ жастарының поэзиясы қандай, жастар поэзияны қалай дамытуда және қазіргі кезде қандай өлеңдер жазылу керек, Диалект сөздерді көркем әдебиетте қолдану, негізгі әдеби тілдің құндылығын жоғалтпайды ма, сонымен қатар Серпіндіктер туралы да бірнеше сұрақтар болды. Мұның бәріне де студенттер толық қанды жауап алды.


Енді қорытып айтатын болсақ, лекциядағы айтылған сөздер мен қойылған сұрақтардың бәрі қазіргі қоғамдағы жастардың іс-әрекеттері туралы мәселелер болды. Және толығымен ашылды. Тыңдаған студенттер осы лекциядан керегін алғандай, ойланып, ойлағанын ой елегінен өткізіп шығатындай әсер алды. Сөз соңын айтыскердің «Мен үшін осы отырғандардың ішінен, бір адамның жүрегіне ұлт жандылықты ұялата білсем, сол үлкен еңбек деп білемін» деген болатын. Ендеше, осындай ұлтына жаны ашыйтын, «Халқымның табанына кірген шөңгір, менің маңдайыма қадалсын», - дейтін айтыскер-ақынымыздай адамдар көп болсын. Жастарымыз осындай кісілерден үлгі алса дейміз. Лекция соңында студенттер өздерінің алған әсерлерімен бөлісіп, болашақ айтыскерлеріміз өз мәселелерімен бөлісіп, естелік суретке түсті. Келесі қоғамдық лекцияны асыға күтеміз.

**Айтолқын ҚАПАН,**  
ГӘФ журналистика мамандығының  
2-курс студенті.

# Емтиханға қалай дайындалу керек?

Психологтар емтиханға дайындалғанда жұмсақ креслоға отыруға болмайтынын ескертеді. Міндетті түрде жазу үстеліне отырып дайындалу керек. Үстел үстіндегі журнал, диск, косметика сияқты заттарды алып таста. Тек қана оқуға қажетті құралдар: дәптер, сызғыш, қарындаш, қалапсапты қалдыр. Музыканы өшіріп, бар зейініңді салып дайындалуға тырыс.

Түстіңде әсері бар. Сары, күлгін түстер мидың белсенді жұмыс істеуіне көмектеседі. Көгілдір түс көңілді тыныштандырады. Жасыл түс жүйке жүйесінің қызметін реттейді. Қызыл түс мидың қызметін күшейтеді. Оқу құралдарында аталған түстердің болғаны дұрыс.



### Өзіңді қинама

Әр 40-45 минут сайын 10 минуттық үзіліс жаса. Бірақ, жұмсақ диванға жатып, теледидар көруге болмайды. Ыдыс-аяқ жуып, қоқыс төгіп, үйдің ішін ретке келтіріп, қимыл-қозғалысыңды көбейткен орынды. 10 минуттық үзілісте ми демалу керек.

### Көзіңе көңіл бөл

Көздің шаршағаны сезілсе, жаттығу жасау керек. Кө қарашығын 25 секунд жоғары, 25 секунд төмен қозғап, терезеге 2-3 минут қара. Содан кейін 20 секунд таза ақ қағазға қарау керек.

### Дұрыс тамақтан

Дәрігерлер балық, жұмыртқа және сүт өнімдерін көбірек пайдалануға кеңес береді. Бұл тағамдарда

зат алмасу процесін жақсартатын кальций, фосфор бар. Лимон, ананас сияқты тропикалық жемістер есте сақтау қабілетін жоғарылатады.

Емтихан күні сұлы немесе қарақұмық ботқасын жеп, қою қызыл шайды лимон салып ішкен абзал. Бұл күні шоколад жесеңіз де пайдалы. Таңертең кофе ішсең күні бойы тың жүресің.

### Қысқаша анықтама жазып ал

Кітап оқыған кезде керек тұстарын бір дәптерге жазып ал. Химиялық, физикалық формулаларды, сызба нұсқаларды жазып жүрсең, емтиханға дайындалу кезінде көмегі көп.

### Ұйықтар алдында қайтала

Кешкілік ұйықтар алдында 20-30 минут бұрын берілген тапсырманы 2-3 рет қайталап оқып шық. Таңертең мәтінді бір қарап шықсаң жаттағаның бірден есіңе түседі.

### Емтиханға қатысты ырым-тыйымдар

- Емтихан алдында ешкімге ешқандай затынды берме. Керісінеше, жолы болғыш немесе жақсы оқитын құрбыларыңнан оқуға қатысты болмаса да бір затын сұрап ал.

- Емтиханның уақыты жақын қалғанда қымбат бұйым сатып алма.

- Кітабың мен дәптеріңді ашық қалдырма.

Мұндай ырымдардың шынайылығы нақты дәлелденбесе де, оны орындау арқылы көңілің жайланады. Мұның өзі сәттілікке бастар жол емес пе!

*Құрметті жас достар, емтиханнан сүрінбей өтулеріңізге тілектеспіз.*



## Қыр баласының алғашқы қадамы



Жастардың білімді әрі жан-жақты болып тәрбиеленуі маңызды. Мұндайда пікірталас клубтарының берері көп. Әрбір мемлекеттік оқу орнында пікірталасшылар ұйымдары бар. Бұл жастарымызға қаншалықты пайдалы екенін білу мақсатында пікірталасқа қатысып жүрген Қостанай мемлекеттік университетінің 2 курс студенті Оразхан Зейнолланы сөзге тартып, әңгімелескен едік.

**- Ауылдың баласы қалаға оқуға түсіп, пікірталасқа жазылғанда, үйірме мүшелері қалай қарсы алды?**

- Алғашында пікірталастың не екенін білмедім. Таныстыру кешінде бір топ жас өз клубтарын жарнамалап жатты. Көптен қалмайын деп мен де сол үйірмеге жазыла салдым. Бірінші күнгі жиналғанымызда аң-таң болып отырдым. Алайда, мен оқитын группамның тең жартысы сонда жүрді. Бәріміз әзілдесіп, бір-бірімізге логикалық сұрақтар қойып уақыт өткіздік. Бір-екі жиыннан кейін бір-бірімізбен жақын танысып, бауыр басып кеттім. Ең алғаш ортаға шығып сөйлегенде берілген 7 минуттың тек 2 минутын зорға дегенде сөйлеп шықтым. Әшейінде ауыз жаппас Оразхан бұл жолы көп алдында қысылды. Қалған бес минутта не айтарымды білмей дал болдым. Уақыт өте пікірталастың не екенін түсініп, жаңа ортаға бойым үйрене бастады.

**- Пікірталас не берді, нені үйретті?**

- Бұрын көп сөйлегеніммен айтар ойымның жартысын ұмытып қалатынымын. Ал қазір іштегі қорқынышты, қобалжуды жойдым. Айтарлықтай шыңдалып, көптеген ақпарат жинадым. Ой санам кеңейді. Сабақ айтқанда аспай-саспай сөйлеп, жұрт алдында өзімді еркін ұстай алатын жағдайға жеттім. Пікірталасқа қатысудың арқасында қазір кез келген тақырыпта ой қозғап, өзімнің көзқарасымды білдіре аламын. Ең маңыздысы еліміздің әр қаласынан көптеген достар таптым.

**- Көпшілік пікірталасты құр айкайдың ортасы деп есептейді. Неге?**

- Ондай жаңсақ пікірдің иелері нағыз пікірталас турнирлерін көрмеген адамдар дерп едім. Бір қарағанда, пікірталас көпірме сөздің алаңы болып көрінуі әбден мүмкін. Сол ортаға терең бойлап, онда айтылатын көзқарастарға құлақ түрсеңіз асығыс шешім қабылдағаныңызға өкінесіз. Пікірталас дегеніміз бос сөз айтатын жер емес. Білімді ортаға салатын, ақ пен қараны ажырататын жер.

**- Университетке оқуға түскенде көп балалар өзің сияқты пікірталас клубына жазылды. Өкінішке қарай, солардың дені шығып кетті. Оған не себеп?**

- Пікірталас шыдамдылықты талап етеді. Адамның бойында ақпарат іздеуге деген талпыныс, білуге деген құмарлық болуы керек. Әркімнің өз таңдауы, өз қалауы бар. Пікірталасты түсінбегендер басқа саладан өз орындарын тауып жүр.

**- Пікірталас турнирлеріне мемлекет тарапынан қаражат бөліне ме? Пікірталастың қазіргі таңдағы маңыздылығы қандай?**

- Жастар үшін дебат керек нәрсе. Себебі қазіргі кітап, газет оқымайды. Ал пікірталас ойындарында әртүрлі тақырыптар беріледі. Соған жан-жақты дайындалып келуің керек. Тақырыпты ашып, зерттеу үшін кітаптың бетін ашып ізденесің. Сонымен қатар сөзге шешен, білімді жастар тәрбиелейтін жер.

Біз республикалық жарыстарға өз қалтамыздан төлеп барымыз. Ал, өзімізде өтетін халықаралық турнирді толықтай университет қамтамасыз етеді. Негізгі мемлекет жол ақысын болса да көтергені дұрыс. Себебі турнирлерге қатысу арқылы қала рейтингі көтеріледі. Әрі біз де тәжірибе жинап, клуб мүшелерін барынша тәрбиелеуге тырысамыз.

**- Пікірталас ойындарының соңында қандай да бір нәтижесі болады ма?**

- Әрине, нәтижесі іс болмас. Мәселе, жеңіс немесе жеңілісте емес. Мәселе пікірталастың жастарға пайдасында. Турнирлерге қатысу арқылы ел көреміз, жер танимыз. Осында алған білімді өмірде кәдеге жаратамыз. Мемлекеттік мәселелерді ортаға салу арқылы ой пікір айтып, ел болашағына айтарлықтай үлес қоса аламыз.

**- Пікірталасты үш сөзбен сипаттап бере аласың ба?**

- Шешендік. Білім. Достық.

**Сұхбаттасқан Аягөз ӨМІРБЕКОВА,  
ГӘФ журналистика мамандығының  
2-курс студенті.**

**Суретте: үздік пікірталасшы О.Зейнолла  
достарының ортасында.**

## «Таэквондо – менің таңдауым»

геуігі қара белбеу иегері Жазира Тагленова

*Жазира Тагленова 1996 жылы 7- қаңтарда Арқалық қаласында дүниеге келген. Қазіргі уақытта Ахмет Байтұрсынұв атындағы ҚМУ-дың 2 курс студенті. Мазквандодан қара белбеу иегері, ҚР-ның үш дүркін жеңімпазы, ҚМУ-дың үздік 10 студентінің қатарына қосылған, оқу ақысына 100% жеңілдік алған талапты да талапты, спортшы қыз.*

**- Спорт саласында жүрген қазақ қыздары көп емес. Санаулының ішінде өзін де барсын. Таэквондоны таңдауыңа не себеп?**

- Мен бала кезімде спорттық киімдерді киіп алатынымын. Есейгенде спортшы боламын деп армандадым. Сол себепті таэквондоны таңдадым. Спорттың бұл түрінің өзіне тән ерекшелігі бар. Әдісті қалай орындағанына байланысты ұпай беріледі, бір сокқыны шебер әрі жылдам орындасаң жеңіске жетуің әбден мүмкін.

Таэквондо – менің табиғатыма жақын спорт түрі. Бүгінгі жеткен жетістіктерім еңбектің арқасы деп білемін. Алдыма қойған мақсатыма жету үшін көп тер төктім. Талпынысып ақталды. Ұзақ уақыт талмай жаттығудың арқасында ҚР чемпионы атандым.

**- Қостанай облысындағы таэквондо спортының деңгейіне қандай баға бересіз?**


- Қарқынды даму үстінде. Қазақ халқы спортқа жақын. Біздің аға-әпкелеріміздің батыр, ержүрек болғаны тарихтан мәлім. Қазіргі уақытта Қазақстан таэквондодан көп жетістіктерге жетіп жүр. Қостанай қаласында таэквондомен шұғылданатын балалардың саны жыл сайын көбейіп келеді. Бұл жақсы нәтиже деп білемін.

**- Оқу бітірген соң спортшы боласың ба, әлде экономист мамандығын таңдайсың ба?**

- Таэквондо – менің таңдауым, менің өмірім. Қазір экономикалық факультетінде экономист мамандығы бойынша білім алудамын. Болашақта қос тізгінді қатар ұстап жүре алатыныма сенемін.

**- Көпшілік білмейтін тағы қандай қырларын бар?**

- Мектепте оқып жүргенде ән айтқанды, би билегенді жақсы көрдім. Менің анам әнді керемет шырқайды, сол кісіге қарап мен де бой түзедім. Алға қойған жоспарларымды құпия ұстауға тырысамын. Қазір мен үшін бірінші орында білім алу. Оқуымды жақсы аяқтап, Ахан атындағы білім ордасына кішкене болсада өз үлесімді қосқым келеді.



Мен үшін ҚМУ – армандар орындалатын мекен. Университетте әр студенттің армандарының орындалуына көп мүмкіндік беріледі.

**Сұхбаттасқан Бағдат ТОБЫЛБАЙ,  
ГӘФ журналистика мамандығының  
2-курс студенті.**



## Еңбекқор оқытушы



Иә, ұстаз деген ұлы тұлға. Ол қашанда қоғам үшін қадірлі жан. Оларды үлгі тұтатын азаматтар мен азаматшалар да қаншама. Студенттерінің әр жетістігі олар үшін мәртебе. Сондай мәртебеге ие болып жүрген, студенттерінің жетістігін ауыз толтыра айтып жүруді жөн санайтын, үнемі ғылыми зерттеу жұмыстарын жазатын, бір сөзбен айтқанда Ахаң атындағы қара шаңырағымызға еңбегі сіңген ұстаз, «Аграрлық-биологиялық факультетінің» оқытушысы Молдахметова Зәмзәгүл Қорғанбекқызы.

- Зәмзәгүл апай, қайда оқыдыңыз, білім берген ұстаздарыңыз кімдер еді? Сол шақтар есіңізде ме?

- Мен Жітіқара қаласындағы №2 қазақ орта мектебін үздік бітірдім. Мектепте оқып жүргенімде мені химия пәні ерекше қызықтыратын. Өйткені химия пәні бізге мектеп директоры, Қазақстанның еңбегі сіңген үздік ұстазы Шожанов Мұса Шожанұлы түсінікті әрі өте қызықты өткізетін. Бірнеше рет химия пәні бойынша мектеп олимпиадасына қатысып жүлделі орындарға ие болдым. Сол себептен шығар, дәрігер болуды армандайтынмын. Мектепті бітіргеннен кейін Семейдің ет және сүт өнеркәсібі технологиясы институтының «Ет және ет өнімдерінің технологиясы» мамандығына түстім. Химия пәнін «5» ке тапсырдым. Институтты бітіргеннен соң бізге инженер-технолог квалификациясы берілді. Кейін жолдамамен Арқалық

ет комбинатында жұмыс істедім және Қостанай ет комбинатында мастерден бастап старший технологқа дейін жоғарыладым. Бұл жұмыс өзіме өте ұнады. 1990 жылдың басында ет комбинаты тәулігіне 1000-ға жуық мал соятын, кейін жетісіне небәрі 10-15 бас мал соятын болды. Сол себептен ет комбинаты біртедеп жабыла бастады. Бұл жылдары ауыл шаруашылық институтында «Технология переработки продуктов животноводства» мамандығы ашылып, сонда жұмысқа орналастым. 2007 жылы Семей мемлекеттік университетінде 05.18.04 – «Технология мясных, молочных, рыбных продуктов и холодильных производств» шифры бойынша «Разработка технологии биологически активных препаратов и пищевых продуктов с использованием яиц» атты кандидаттық диссертацияны ойдағыдай қорғап шығып, 2008 жылы техника ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне ие болдым. Ғылыми жетекші техника ғылымының докторы, профессор Төлеуов Елемес Төлеуұлы болды. Ол кісіге деген алғысым шексіз. Қазіргі уақытта аграрлық-биологиялық факультетінің «Өңдеу технологиясы және стандарттау» кафедрасында орыс және қазақ тілінде студенттерге дәріс беремін. Бұл да мен үшін үлкен жетістік!

- Мамандық таңдауда кімнің ақыл-кеңесіне құлақ астыңыз әлде жүрек қалауыңыз ба? Таңдауыңызға өкінбейсіз бе?

- Мектеп қабырғасында оқып жүргенімде оқу-өндірістік комбинатында (ол кезде УПК деп аталатын «учебно-производственный комбинат») «Аспаздық» бағдарламасы бойынша сабақ жүргізілетін. Бұл бағдарлама бойынша бізге сабақты өндірістік оқу жөніндегі мастер Надежда Фелелова берді. Оның тәжірибесі мол болғандықтан сабақты өте қызықты өткізетін. Бізге түрлі тағамдар әзірлеудің қыр-сырларын түсіндіріп, өзінің тәжірибесімен міндетті түрде бөлісетін. Әлі есімде... бірде сабақ жүргізіп отырғанда маған қарап: «Замзагуль, почему ты не хочешь поступить на технолога? У тебя получится, поступай...» деген болатын. Сол сөздері менің осы технолог мамандығын таңдауыма себеп болды.

Әрине, таңдауыма өкінбеймін. Өкінуге хақым да жоқ. Себебі, өзімнің іс-тәжірибемді аянбай үйретуімнің арқасында студенттерім көптеген ғылыми сайыстарға қатысып бірнеше рет жүлделі орындарға ие болып, мақтау қағаздарымен марапатталды. Солардың бірегейін айта кетсем, Утитлеева Гүлмира 2011 жылы Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары студенттерінің үздік ғылыми-зерттеу жұмыстарына арналған республикалық конкурсында II-дәрежелі дипломға ие болды; Игесенова Ботагөз 2013 жылғы Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары студенттерінің үздік ғылыми-зерттеу жұмыстарына арналған республикалық конкурсында «Азық-түлік өнімдерінің технологиясы» мамандығы бойынша II-дәрежелі дипломға ие болды; - Опина Гүлмира 2015 жылы Қазақстан Республикасының жоғары



оқу орындары студенттерінің үздік ғылыми-зерттеу жұмыстарына арналған республикалық конкурсында «Азық-түлік өнімдерінің технологиясы» мамандығы бойынша II-дәрежелі дипломға ие болды; - Опина Гүлмира 2015 жылы «ZIAT» Ғылыми-әдістемелік орталығымен ұйымдастырған Республикалық «Ғылым шарайнасы» атты студенттердің ғылыми жұмыстары сайысына «Жас зияткер» номинациясы бойынша I-орынға ие болды; - Әбжанова Данагүл 2015 жылы «ZIAT» Ғылыми-әдістемелік орталығымен ұйымдастырған Республикалық «Ғылым шарайнасы» атты студенттердің ғылыми жұмыстары сайысына III-орынға ие болды; - Опина Гүлмира 2015 жылы «ZIAT» Ғылыми-әдістемелік орталығымен ұйымдастырған Халықаралық «Сократ» атты ғылыми жұмыстар сайысында «Жас сарапшы» номинациясы бойынша II-орынға ие болды; - 3-курс студенті Ишмухамбетова Дина 2015 жылы «ZIAT» Ғылыми-әдістемелік орталығымен ұйымдастырған Республикалық «Ғылым шарайнасы» атты студенттердің ғылыми жұмыстары сайысына «Жас зияткер» номинациясы бойынша I-орынға ие болды; - 2-курс студенті Пирмаханова Арай «ZIAT» Ғылыми-әдістемелік орталығымен ұйымдастырған Республикалық «Ғылым шарайнасы» атты студенттердің ғылыми жұмыстары сайысына «Жас зияткер» номинациясы бойынша I-орынға ие болды; - 2-курс студенті Аманжол Ботагөз «ZIAT» Ғылыми-әдістемелік орталығымен ұйымдастырған Республикалық «Ғылым шарайнасы» атты студенттердің ғылыми жұмыстары сайысында «Жас зияткер» номинациясы бойынша II-орынға ие болды; - Пирмаханова Арай удостоена почетного звания Лауреата II степени II-го Международного молодежного конкурса научных работ «Молодежь в науке». Студенттерімнің осындай биік дәрежелерге жетуі

мен үшін үлкен қуаныш. Студенттерімнің осындай жоғары жетістікке қол жеткізіп жүлдегер атанғаны үшін мен де бірнеше рет диплом, мақтау қағазымен марапатталдым. Тағы да айтамын, осы технолог мамандығын таңдағаным еш өкінбеймін. Сіздер де өкінбейтіндей таңдау жасап үйреніңіздер.

- Дұрыс айтасыз. Мамандық таңдау – маңызды қадам. Өткен шаққа саяхат жасасақ. Сіздің кезіңіздегі студенттер қандай болды? Бүгінгі студентпен салыстырыңызшы.

- Рахмет! Біздің кезіміздегі студенттер ең алдымен ізденімпаз болды. Бәрі де кітап оқып, білім қуып жүретін. Сабақтан соң кітапханадан

шықпайтынбыз. Қазіргінің студенттерімен салыстырғанда айырмашылығы жер мен көктей. Бүгінгінің студенттерін кінәлай алмаймын. Мүмкін заман солай шығар. Технологияның қарқынды дамыған кезі. Бәрінің қолында телефон, кітап оқуды емес әлеуметтік желіде отыруды қалайды. Фаламтордың торына шырмалған. Тіпті дипломдық жұмыс жазар сәтте ғана кітапхананың қайда орналасқанын біліп үлгеретіндер де бар. Бұл әрине жылайтын жағдай. Бірақ, көпке топырақ шашпаймын. Шәкірттерімнің арасында білімге деген талпынысы зор балалар да жетерлік. Біз олармен мақтануға тиіспіз деп ойлаймын.

- Сіз қандай студент болдыңыз?

- Шынымды айтсам, мен үздік студенттердің бірі болдым. Алдыма тек қана оқу деген мақсат қойдым. Үнемі ізденіп жүрдім. Соның арқасында ұстаздарыммен де жақсы араластым. Әлі күнге дейін арамыз суыған жоқ.

- Журналдың оқырмандарына және жастарға айтар тілегіңіз болса.

- Студенттерге тек қана оқыңыздар деймін. Ізденсеңдер ғана армандарың орындалады. Ол үшін білікті де білімді, саналы азамат пен азаматша болуларың керек. Сондықтан да, ерінбей еңбек етіп, білімге құштар болыңдар.

«Жас өркен Қостанай» журналының ұжымын шығармашылық шабыт тілеймін. Сіздерге шын жүректен зор денсаулық, бақыт пен қуаныш тілеймін. Жылдың әр күні Сіздерге және сіздердің жанұяларыңызға тек қана жақсылық пен игілік әкелсін!

- Уақыт бөліп, сұхбаттасқаныңызға рахмет!

Сұхбаттасқан Арайлым ҚАБИМОЛДАҚЫЗЫ,  
ГФ журналистика мамандығының  
2-курс студенті.